Тіл үйрену талпынғанға оңай
2-бет

Тасжол талапқа сай ма?
4-бет

Сыдықтың сазын ұмытуға бола ма?..
5-бет

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ СЕНБІ, **17 ТАМЫЗ**, 2024 ЖЫЛ **№92 (23 414)** www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

● ТІЛ-ТҰҒЫР

Лингвистикалық лагерь – тың жоба

Тіл үйренемін деушілерге биыл Қарағанды облысында тұңғыш рет мәдени-лингвистикалық лагерь ашылды. Ниет білдірген қатысушылар қазақ тілін үйренумен бірге ұлтымыздың салт-дәстүрімен танысты. Бұған мемлекеттік тілді оқыту бойынша тегін курстардың 15 тыңдаушысы қатысып, бес күн бойы дәріс алды. Лагерь «Бәйтерек» демалыс аймағы базасында өткенін атаған жөн. Жазғы лагерьді ұйымдастырушы – Қарағанды облысының тілдерді дамыту басқармасы.

Ішкі істер органдарының зейнеткері отставкадағы подполковник Лилия Авхадеева – мәдени-лингвистикалық лагерьде қазақ тілін оқыту курстарында алған білімдері мен сөйлеу дағдыларын шыңдағандардың бірі.

– Тіл үйрену лагерінде бес күн бойы қазақ халқының тілі мен мәдениетін зерттедік. Ұлттық тағамдарды дайындадық. Оны әзірлеу кезінде сөздік қорымызды толықтыра түстік. Қазақ тілінде ән шырқап, музыкалық аспаптармен және ұлттық киімдермен таныстық. Қазақ тілін оқытудың мұндай форматы жиі пайдаланылып, көп адамдар осындай лагерьге бару мүмкіндігіне ие болғанын қалаймын, – дейді Лилия Авхадеева.

Қазіргі уақытта Қарағанды облысында алты оқу орталығы және қазақ тілін оқыту бойынша түрлі клубтар жұмыс істейді.

Өз тілшіміздің

Табыс пен салық: өзгеріс кезеңі

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында салық салу жүйесін реттеп, жетілдіру керегін айтты.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Коллажды жасаған Е.КЕнесбекұлы

Мемлекет басшысының межесі

– Қазақстанда түпкі мәні өзгеріп кеткен қосылған құн салығының өзін реформалау қажет. Оны 12 пайыздан 16 пайызға дейін көтеру мәселені шешпейді. Сарапшылар қосылған құн салығын көтеру көлеңкелі экономиканың үлесін арттырып, инфляцияның өсуіне әкеп соқтыруы ықтимал деп орынды пікір білдіріп жатыр. Бұл қадам еліміздің инвестициялық тартымдылығына да кері әсер етуі мүмкін, – деді Президент.

Бұл орайда Мемлекет басшысы табыс пен мүлікке салық салудың жаңа жүйесі енгізілмесе, кәсіпкерлер де табысын қалтаға баспай, бизнесін дамыту үшін жұмсауға ынталандырылмаса, арнайы салық режимдері өзгермесе, бұл міндет көздеген үдеден шықпайтынын меңзеді. Сондықтан, Салық кодексі секілді стратегиялық маңызы бар құжатты әзірлеуге осы сала мамандарынан бөлек экономистер мен бизнес өкілдері жұмылдырылуы қажеттігі назарға алынды. Әрине, бюджет қоржынын толтыру міндетін ұмытуға болмайды. Экономика неғұрлым қуатты болса, соғұрлым көп салық түседі деген қағидатты берік ұстану керектігін де ескертті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ал, осы жылдың 1 шілдесінде Мемлекет басшысы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

Салық мәдениеті һақында

Халық пен салықтың арасындағы жайттарды бір нақтылап, таразылап алмақ ниетпен облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Алданыш Адамбековке жүгінген едік. Алданыш Мейірханұлының сөзінше, құзырлы мекеме тарапынан салық және кеден заңнамасының нормаларын түсіндіру бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуде. Президент ұсынған салық реформаларының Қазақстандағы экономикалық және әлеуметтік ахуалды айтарлықтай жақсартуға әлеуеті жоғары. Алайда, оны табысты іске асыру халық пен бизнестің әртүрлі топтарының мүдделерін ескеруді, сондай-ақ, бақылау мен әкімшілендірудің тиімді тетіктерін құруды талап етеді. Реформалардың кешенді сипатқа ие болуы әрі тұрақты дамудың ұзақ мерзімді мақсаттарына қол жеткізуге бағытталуы маңызды. Бұқара халықты ағарту жолында салық мәдениетінің қалыптасқандығы өзекті.

– Жалпы, республикамыздың әрбір тұрғынының алдында тұрған ең толғақты тақырыптардың бірі – жергілікті салық, мүлік салығы, жер салығы және жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық тақырыбы дер едік.

3-бет

● «QARAGANDY HALF MARATHON 2024»

Мақсаты биік марафон

«QARAGANDY HALF MARATHON 2024» дәстүрлі жартылай марафоны 18 тамызда, сағат 08:00-де «Қарағанды-Арена» мұз сарайының алаңында өтеді. Айта кетейік, марафонға 2500-ге жуық адам тіркелген.

Марафонның басты мақсаты – саламатты өмір салтын насихаттау және халықты дене шынықтырумен, спортпен белсенді түрде айналысуға баулу, қашықтан жүгіру әуесқойларының шеберлік деңгейін арттыру, мықты спортшыларды анықтау, достықты нығайту.

Марафон жас аралығына байланысты алты қашықтыққа бөлінеді.

Жарысқа қатысу үшін онлайн-тіркелуден өтіп, төлем жасау міндетті. Тіркелу қатысушылар саны 3200 адамға жеткенде аяқталады. Төсбелгі нөмірі 15-17 тамыз аралығында таратылды.

9-17 жас аралығындағы қатысушыларда жартылай марафонға қатысу барысында ережеге сәйкес ата-аналарынан электрондық рұқсат қағазы мен бала денсаулығы жайлы қолхат болуы керек.

Таңдалған қашықтықты жүгіргісі келетіндердің барлығы qaragandy-halfmarathon.kz ресми сайтына тіркеліп, бастапқы жарнаны төлеуі тиіс. Жарысқа мүмкіндігі шектеулі жандар да қатыса алады. Ал, скандинавиялық жүру жарысынан 86 жастағы егде марафоншы қатысып, бағын сынайды.

Жарысты бастау алаңы. 2024 жылдың 18 тамызы күні Б.Әшімов көшесінің учаскесі (С.Сәпиев атындағы бокс орталығының алаңы) жабылады



Жүгірушілерге ыңғайлы болу үшін әртүрлі жерлерінде QR-код орналастырылады. Оның көмегімен әр марафоншы өз нәтижесін бірден біле алады.

Марафонға тек Кеншілер өлкесінен ғана емес, сонымен қатар, Астана, Алматы және Павлодар қалаларынан, тіпті, Ресей, Украина, Қырғызстаннан келген желаяқтар да қатысады.

Мен қала тұрғыны ретінде жыл сайын марафонға қатысамын. Спорт – денсаулық кепілі. Сондықтан, спортпен шұғылданып, саламатты өмір салтын ұстану маңызды. Мен бұл марафонда 21 шақырым қашықтықта жүгіруден бақ сынаймын. Қатысушыларға тек қана сәттілік тілеймін, – дейді қатысушы Демежан Серікбай.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен өтетін жартылай марафон қатысушылары әр қашықтық бойынша естелік медальдармен, бағалы және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

Аружан СЕРІКБАЙ

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 526.91 ●**USD/KZT** 478.57 ●**RUB/KZT** 5.40 ●**CNY/KZT** 66.86

Қазақстан Ұлттық Банкінің 16 тамыз, 2024 жылғы дерегі бойынша

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Тіл үйрену талпынғанға оңай

Мемлекеттік тіл саясаты – еліміздегі идеологияның басты бағыты. Сондықтан, отандастарымыздың басын біріктіруші фактор ретінде қазақ тілін ілгерілету – ортақ міндет. Облыстың тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы брифингте тіл саясатын іске асырудың заңнамалық негізіндегі тұжырымдамасына тоқталды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тіл үйренудің әдістемесі жетілдірілуде

Тұжырымдаманы іске асыру елдегі тілдік ахуалдың әлеуетін және оның қоғамдық-саяси, әлеуметтік саланы дамытуға қосатын үлесін арттыруды көздейді. Өңірлік деңгейде өзекті мәселелерді шешуге ықпал етеді. Бекітілген тұжырымдама негізінде мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесін арттыру сапасын 68%-ға жеткізу көзделуде. Осыған сәйкес, бүгінде облыстағы 6 оқыту орталықтары мен 8 оқыту курстарында биыл жалпы саны – 3 580 адамды мемлекеттік тілге, 1706 адамды ағылшын тіліне, 50 адамды орыс тіліне, түрік тіліне 50 адамды оқыту жоспарланған.

Оқыту курстары бүгінде қаланың «ЦУМ», «Абзал», «Каскад» сияқты ірі сауда үйлерінде, сонымен қатар, оқыту орталығының базасында және тапсырыс берген мекемелерде жүргізілуде. Жұмыстар Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Шахтинск, Саран, Приозерск қалаларында және Абай, Осакаров аудандарында қолға алынды.

Облыста қазақ тілінде ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру мақсатында Қарағандыда «Мәміле», «Тағылым», Балқаш қаласында «Маржан сөз», Саран қаласында «Мәміле» клубтары, Теміртау қаласында «Оңай тіл» орталығы жұмыс істейді. Теміртауда Ұлт ұстазы –Ахмет Байтұрсынұлы атындағы қазақ тілі кабинеті ашылса, 5 қыркүйек тіл мерекесіне орай Шахтинск қаласында да сөйлеу клубын ашу жоспарлануда.

Сонымен қатар, тіл үйрету әдістемесін жетілдіру мақсатында бүгінде заман талабына сай веб-сайтымен QR-кодталған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу жұмыстары басталды. А1 деңгейлі оқулығы шығарылды. А2, В1, В2 деңгейлі «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені веб-сайтымен әзірленуде.

Азаматтардың мемлекеттік тілді білу деңгейін анықтау мақсатында «Қазтест» жүйесі бойынша тестілеу шарасына жалпы саны 1225 адам қатысып, оның 1214-і тіл білу деңгейін дәлелдеді. Оның ішінде, мемлекеттік қызметшілер саны – 736 адам.

– Өңірде мемлекеттік тілдің қоғамдағы беделін нығайтып, тіл мәдениетін арттыру, жас дарындарды анықтау және оларға қолдау көрсету мақсатында көпшілік қоғамдық шаралар өткізу басты назарда. Мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесін арттыру, тәжірибе алмасу мақсатында халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы филиалымен бірлескен қазақ тілі мұғалімдерінің аймақтық форумы өтті. «Мемлекеттік тіл саясаты және латынграфикалы әліпби мәселесі» атты облыстық семинар мемлекеттік тілдің ғылым мен білім саласындағы қолданыс аясын кеңейтуді көздеді. «Қазақтілді контент мәселесі: шешу жолдары семинарлары және дәрістер» топтамасы да ерекше қолға алынған жұмыстардың бірі.

Сонымен қатар «Өзіңнен баста!» акциясы, «Біз мемлекеттік тілде сөйлейміз» подкасты қолға алынды. «Сөззерде» зияткерлік сайысы, өзге этнос өкілдеріне қазақ тілін үйрету мақсатындағы «...қазақша қалай айтамыз, «Мультфильмдер арқылы қазақ тілін үйренеміз» жобалары қолға алынып, апта сайын жарияланду, – деп атап өтті Салтанат Әбеуова.

Тіл мерекесі мәртебені арттырады

Басқарма мамандарының айтуынша, биыл «Бәйтерек» демалыс орнында алғаш рет тіл үйренуші ересектерге арналған тілдік лагерь өтті. Лагерь бес күнде тыңдаушылардың сөйлеу дағдысын ғана қалыптастырып қоймай, халқымыздың мәдениеті мен ұлттық салт-дәстүрімен таныстыруды көздейді. Жоба тіл үйренуші өзге этнос өкілдерінің сұрауына орай келесі жылға да жоспарланған.

Алдағы уақытта ұлы ақын Абай Құнанбайұлының туған күніне орай тіл жанашырларының қатысуымен Абай күніне құттықтаулар, челлендж ұйымдастырылып, 23 тамыз күні «Абай атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің облыстық байқауын өткізу жоспарлануда. Тілдер мерекесіне орай, мемлекеттік қызметшілердің тіл мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Ана тілім – абыройым» байқауын өткізу де жоспарда.

– Түрлі этникалық топтар арасында мемлекеттік тілді қолдануды дамыту мақсатында «Тіл – қазына» әлеуметтік жобасы жүзеге асырылып келеді. Биыл жоба аясында бірнеше ауқымды шаралар іске асырылмақ. «Үлгілі отбасы» байқауы, «Бала тілі – бал» тақырыбында фестиваль, «Қазақ тілі 24/7» контенті, «Қазақшаң қалай, балақай?» байқаулары өтеді. Сондай-ақ, «Аңыз дала – абыз дала» жобасы аясында Нарманбет Орманбетұлының 165 жылдығына орай ақынның шығармашылығын болашақ ұрпаққа насихаттау мақсатында «Нарманбет және ұлт азаттық идея» атты республикалық конференциясын, шешендік өнер байқауын өткізу жоспарлануда, – деп атап өтті тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы.

Үш елдімекен атауын ауыстыру көзделген

Тіл саясатын жүзеге асырудағы басты бағыттың бірі – ономастика саласы. «Идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулары бар елдімекендер мен олардың құрамдас бөліктерін қайта атау жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған» Жол картасы негізінде облыс бойынша 8 елдімекен, 97 құрамдас бөлік атауы өзгерді. Нәтижесінде идеологиялық тұрғыдан ескірген әкімшілік-аумақтық бірліктер бойынша атаулар бүгінгі күні 50-ді, құрамдас бөліктер 776-ны құрап отыр.

2024-2028 жылдарға арналған жол картасына сәйкес 3 елдімекен мен 14 құрамдас бөлік атауын ауыстыру көзделген.

– Республикалық ономастика комиссиясы қарауына биыл облыс аумағындағы 18 білім беру ұйымдарын қайта атау жөніндегі ұсыныс жолданды. Сондай-ақ, республикалық ономастика комиссияның қарауына жолдау үшін тағы да облыс аумағындағы 10 білім беру ұйымдарына атау беру бойынша бірлескен қаулы және шешім жобасы әзірленіп, келісілуде. Ұсынылған атаулар «Тарихи тұлғалар» тізімінен алынды,– дейді Салтанат Мірәсілқызы.

Жыл соңына дейін «Қарағанды қаласының годонимдері: ескі және жаңа атаулар» атты анықтамалық кітабын шығару жоспарланған. Құжаттар негізінде қала көшелері антротопонимдері анықталмақ.

Жарнамадағы олқылықтарды жою – күн тәртібі

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтудегі өзекті мәселенің бірі – көрнекі ақпарат пен жарнамадағы олқылықты жою.

Бүгінде қызмет көрсету саласында, оның ішінде, көрнекі ақпараттар мен жарнамалардың рәсімделуінде түрлі тілдік кемшіліктер орын алған. Осы кемшіліктердің алдын алу мақсатында тілдерді дамыту жөніндегі басқарма, өңірлердегі тілдерді дамыту бөлімдері тарапынан «Көрнекі ақпарат пен жарнама тілін біріздендіру» әлеуметтік жобасы қолға алынып бірнеше жыл қатарынан жүргізілуде.

Басқарма берген мәліметке сүйенсек, жұмыс тобы 800-ден аса кәсіпкерлік нысандарды аралап, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, 400-ден астам кәсіпкермен кері байланыс орнатылған. Аударма мен әдістемелік көмек көрсету мақсатында құрылған «Жедел желі» Call-center қызметі жұмыс істеуде.

● ТАҒАЙЫНДАУ

Аудан әкімі таныстырылды

Ақтоғай ауданының әкімі лауазымына Абылай Аманжолов тағайындалды. Жаңа әкім сайлау барысында басым дауыс жинап, ел сеніміне ие болды. Жаңа әкімді облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын таныстырды.

Абылай Аманжолов – Ақтоғай ауданының тумасы. Екі жоғары білімі бар. «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша Қазтұтынуодағы Қарағанды экономика университетін және «Құқықтану» бағытында «Фемида» академиясын тәмамдаған.

Еңбек жолын 2005 жылы Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының маманы болып бастаған. Әр жылдары Ақтоғай ауданының жастармен жұмыс жөніндегі орталығы мен ішкі саясат бөлімін басқарып, жемісті еңбек етті.

2017 жылдан бастап, жаңа лауазымға тағайындалғанға дейін Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарды.

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Қосымша мал азығын әзірлеуде

Былтыр Қарқаралы ауданында жауын-шашын аз, жаз ыстық болуы салдарынан қыстық мал азығын дайындау қиынға соғып еді. Шаруа қожалықтары жылдағы шабындықтарынан қажетті көлемдегі шөбін ала алмағандықтан, шалғай жерлерден тірнектеп жинап тасуға, кейбірі едәуір қаражат шығындап, сатып алуға мәжбүр болды.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл шөп шығымы жақсы. Қысқа әзірлік науқаны да жақсы жүріп жатыр. Дегенмен, «Сақтықта қорлық жоқ», мал басын көбейтіп, өрісін кеңейтіп жатқан бірқатар шаруашылық құрылымдары биылдан бастап бір жылдық шөп тұқымын егуді ерте бастан қолға алған болатын. Қосымша мал азығы артық болмайды. Атап айтқанда, Ынталы, М.Мамыраев, Н.Әбдіров, Бесоба ауылдық округтеріндегі «Ынта», «Ерлан», «Айбол», «Жалықпас», «Атамекен», «Ердос», «Қамқорлық» және тағы да басқа шаруа қожалықтары иеліктеріндегі жер аумақтарына бір жылдық судан шөбін екті.

– Судан шөбі – бір жағынан өсімтал, екінші жағынан қыс айларында малға таптырмас азық. Былтыр көрген қиындықтарымыздан сабақ алып, биыл біршама жерге судан шөбінің тұқымын ектік. Үмітіміз ақталып, өнім бітік шықты. Жайлы күн райын пайдаланып, тап-тұйнақтай етіп орып та алдық, – дейді «Ерлан» шаруа қожалығының жетекшісі Қ.Мұса.

Сондай-ақ, «Берік» шаруа қожалығы мал азығына қарақұмықтың тұқымын егіп, бұл күндері егістігі жайқалып тұр.

Жалпы, ауыл шаруашылығы саласында 884 шаруа қожалығы, 16 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бар Қарқаралы ауданында биыл 348 мың тонна мал азығын дайындау жоспарланған. Аудан әкімінің орынбасары Б.Тоқмурзин мен аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы А.Қасымов осы күндері округтердегі мал азығын даярлау жұмыстарының қызу ортасына барып, науқан барысына, шаруашылықтардың қыс мезгіліне әзірлігіне бақылау жасап келеді.

Қарқаралы ауданы

Суреттер аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінен

Жақсылық жасап жарысайық

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ МЕКТЕПКЕ ЖОЛ

«Мектепке жол» республикалық акциясын Шахтинск қаласының кәсіпкері қолдады. Іскер әйелдің арқасында 300 әлеуметтік осал отбасының балалары жаңа киім мен сөмкелер алды.

Айта кетейік, «Мектепке жол» дәстүрлі жалпы республикалық қайырымдылық акциясы 2024 жылғы 1 тамыз және 30 қыркүйек аралығында өткізіледі. Акцияның мақсаты – аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға, жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін әлеуметтік көмек көрсету.

Шахтинск жастар ресурстық орталығы мәлімдегендей, кәсіпкер әйел қайырымдылыққа 120 мектеп киімі бар жәшік берген. Олардың барлығы жаңа киімдер. Жергілікті білім бөлімінде берілген тізім бойынша киімдер көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға, жалғызбасты аналарға таратылды.

– Біздің қайырымдылық акциямызға «Қамқор – 2007» қоғамдық бірлестігі белсенді қатысуда.

Заттарды тапсырған кәсіпкер осы қоғаммен тұрақты негізде жұмыс істейді.

Кәсіпкер өз аты-жөнін айтқанымызды қаламады. Қайырымдылыққа берген заттар ішінде, мектепке киюге арналған киімдер бар. Біз оларды 300 отбасының балаларына бердік, ал, тағы 300 отбасы ересектерге арналған киім алды. Бұл – көптеген адамдардың отбасылық бюджетіне үлкен көмек. Олар үнемделген ақшаны кеңсе тауарларына жұмсай алады. Осындай әлеуметтік жауапты кәсіпкерлер көбейгенін қалаймын, – дейді Шахтинск қаласының Жастар ресурстық орталығының басшысы Алексей Варзаев.

Аружан СЕРІКБАЙ

Сурет ашық дереккөзінен

Табыс пен салық: өзгеріс кезеңі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қолданыстағы заңнама салық салу объектісі бар жеке тұлғалар жеке мүлік салығын төлеушілер болып табылатындығын негіздейді. Бұл ретте салық заңнамасы мүлік салығын төлеуші болып табылмайтын тұлғалар санатына оралсақ, алдымен, Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, «Халық қаһарманы» атағын алған тұлғалар, үш дәрежелі «Даңқ» орденімен және «Отан» орденімен марапатталған «Қазақстан Еңбек Ері» аталған тұлғалар, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген жандар, және басқа мемлекеттер аумағындағы әскери операциялардың ардагерлері, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, сондай-ақ, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылдың 9 мамырына дейін кемінде алты ай жұмыс істеген жандар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, бала кезінен мүгедектігі бар адамның ата-анасының бірі, мүгедек балалар, «Алтын алқа» алқасымен марапатталған «Батыр ана» атағына ие болған көпбалалы аналар, жеке тұратын зейнеткерлер жатқызылады. Осы тұста қарапайым халыққа түсіндіру жұмыстары, анықтамалық амалдарды барынша белсенді іске асырып келеміз. Өйткені, ақпараттық заманда осының бәрін тәптіштеп жеткізу қажеттігі бас көтереді, – деп ой тұжырды спикер.

Заңнама аясында

Салықтық әкімшілендірудің тиімділігін арттыру – маңызды міндет. Президент Жолдауында салық рәсімдерін оңайлату, сервисті цифрландыру және өкілетті органдар жұмысының ашықтығын арттыру қажеттігі туралы айтылды. Бұл бизнес үшін әкімшілік кедергілерді азайтып, салық төлеушілер мен мемлекет арасындағы өзара әрекеттесуді жақсартуы керек.

Мүлік салығының объектісі Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан меншік құқығындағы тиесілі тұрғын үйлер, ғимараттар, жазғы саяжайлар, гараждар, тұрақ орындары және басқа да құрылыстар, үй-жайлар, жеке тұлғаларға тиесілі жер учаскелері. Ал, салық салынатын нысандары бар тұлғалар дегеніміз алдымен меншік, тұрақты жер пайдалану, бастапқы өтеусіз уақытша аумақты пайдалану құқығындағы жер салығын төлеушілер. Елдімекендер жерлері үшін базалық салық ставкалары алаңның 1 шаршы метріне белгіленеді. Бұл ретте, қоныстанған елдімекендердің санаттары техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіне сәйкес белгіленуге тиіс. Яғни, мемлекет жер учаскесіне меншік құқығын, тұрақты немесе бастапқы өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығын берген кезде салық төлеуші жер учаскесіне осындай құқықтар берілген айдан кейінгі мерзімнен бастап жер салығын есептейді. Жер учаскесін иелену немесе пайдалану құқығы тоқтатылған жағдайда жер салығы жер учаскесін пайдаланудың нақты кезеңіне есептеледі. Еске сала кетейік, мүлік салығы есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 1 қазанынан кешіктірілмей, яғни, 2023 жылға салық 2024 жылдың 1 қазанынан кешіктірілмей төленуі тиіс.

«Шапса – көлік, сатса – пұл»

Көлік құралдарына салынатын салықты төлеушілер болып меншік құқығындағы салық салынатын объектілері, яғни, уәкілетті органда қарапайым түрде, жол полициясы органдарында тіркелген көлік құралдары бар жеке тұлғалар белгіленген. Көлік құралдары салығын төлеуден босатылған санатқа Ұлы Отан соғысының ардагерлері жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер және басқа мемлекеттер аумағындағы әскери операциялардың ардагерлері, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, сондай-ақ, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылдың 9 мамырына дейін кемінде алты ай жұмыс істеген жандар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі, Кеңес Одағының Батырлары мен Социалистік Еңбек Ерлері, «Халық қаһарманы», «Қазақстан Еңбек Ері» атағын алған, үш дәрежелі «Даңқ» орденімен және «Отан» орденімен марапатталған адамдар, «Батыр ана» атағын алған немесе «Алтын алқа» немесе «Күміс алқа» алқасына ие болған көпбалалы аналар, жекеменшігіндегі моторлы кресло-арбалар мен жеңіл автомобильдері бойынша мүмкіндігі шектеулі жандар жатады. Мұндай жеңілдіктер салық кезеңі ішінде бір автокөлік құралына қолданылады. Қозғалтқышының сыйымдылығы 4000 текше сантиметрден асатын жолаушылар вагонынан басқа, оларға қатысты 2013 жылғы 31 желтоқсаннан кейін уәкілетті мемлекеттік органмен көлік құралына меншік құқығының өзгеруіне байланысты тіркеу іс-әрекеттері жүзеге асырылды.

– Мұндай тармақшалардың ережелерін қолдануға құқығы бар-жоғына қарамастан оларда көрсетілген санаттардың біреуіне немесе бірнешеуіне 2013 жылдың 31 желтоқсанына дейін тіркеу іс-қимылдарынан өткен автомобильдерге ғана жеңілдіктің қозғалтқыш қуаты 4000 текше сантиметрден асатын автомобильдерге ғана қатысты екеніне назар аударғымыз келеді, – деді спикер, – Сондай-ақ, егер салық кезеңі ішінде жоғарыда көрсетілген жеңілдіктерді қолдануға құқығы бар тұлғада меншік құқығындағы бірнеше көлік құралы болса, онда бұл ережелер салықтың ең көп сомасы есептелген көлік құралдарының біріне қолданылады.

Салықты есептеу үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қолданылатын айлық есептік көрсеткіштің индексі қолданылады. Жолаушылар вагондарына В санатты автомобильдер (В1-ді қоса алғанда), жүк платформасы бар моторлы көлік құралдары және жүк бөлігінен қатты стационарлық қалқамен бөлінген жүргізуші кабинасы (пикап-жүк автомобильдері), жол берілетін ең жоғары салмақ және жолаушылар орындарының саны бойынша В (оның ішінде ВЕ) санатының талаптарынан асатын өткізу қабілеті жоғары және жолсыз көлік құралдары, джиптерді қоса алғанда, жол талғамайтын көлік құралдары, сондай-ақ, кроссоверлар мен лимузиндер жатады.

Жүк автомобильдеріне С санатты автомобильдер (СЕ, С1Е, С1 қоса алғанда), автомобиль шассиіне орнатылған қатты жабық шанағы бар В санатты мамандандырылған жүк автомобильдері немесе өндірістік, азық-түлік және ауыл шаруашылығы жүктерін тасымалдауға арналған жүк бөлігін бөлетін қалқасы бар, шанақтың (фургонның) ішінде жүкті ілуге және бекітуге арналған құрылғылармен жабдықталған вагон үлгісіндегі шанақ, борттық платформасы бар В санатындағы жалпы мақсаттағы жүк автомобильдері (пикап-жүк автомобильдерінен басқа), арнайы көлік құралдарына белгілі бір технологиялық процестерді немесе операцияларды орындауға арналған арнайы жабдығы бар көлік құралдары, автобустарға D санатының автомобильдері (оның ішінде DE, D1E, D1) жатады.

Қозғалтқыш қуаты 1500 текше сантиметрден асатын автомобильдер үшін салық сомасы қозғалтқыш көлемі бойынша тиісті градуирлеудің төменгі шегінен асатын әрбір бірлік үшін 7 теңгеге ұлғайтылады. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген автомобильдердің әкелінген күні олардың бастапқы мемлекеттік тіркелген күні болып табылады. Көлік құралының қызмет ету мерзімі көлік құралының паспортында (әуе кемесінің ұшуды пайдалану жөніндегі нұсқаулығында) көрсетілген дайындалған жылын ескере отырып есептеледі. Жүк автомобильдеріне және арнайы көлік құралдарына салынатын салықты есептеу үшін нұсқаулықта және көлік құралын пайдалану жөніндегі басшылықта көрсетілген көлік құралының жүк көтергіштігі пайдаланылады. Егер жүк көтергіштік көрсеткіші көлік құралын пайдалану жөніндегі нұсқаулықта (қолмен) көрсетілмесе, онда ол көлік құралының рұқсат етілген ең жоғары салмағы мен көлік құралының тыйым салынбаған салмағы (көлік құралының бордюр салмағы) арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі.

> Қазақстанда түпкі мәні өзгеріп кеткен қосылған құн салығының өзін реформалау қажет. Оны 12 пайыздан 16 пайызға дейін көтеру мәселені шешпейді. Сарапшылар қосылған құн салығын көтеру көлеңкелі экономиканың үлесін арттырып, инфляцияның өсуіне әкеп соқтыруы ықтимал деп орынды пікір білдіріп жатыр. Бұл қадам еліміздің инвестициялық тартымдылығына да кері әсер етуі мүмкін.
>
> ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ

Жеке тұлғалар сатып алу сәтінде Қазақстан Республикасында тіркелмеген көлік құралын сатып алу кезінде көлік құралына меншік құқығы пайда болған айдың 1-ші күнінен бастап, салық кезеңінің соңына дейін немесе меншік құқығы тоқтатылған айдың 1-күніне дейінгі кезең үшін салық сомасын есептеуге тиіс. Жеке тұлғалардың салық төлеуі тұрғылықты жері бойынша бюджетке есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Сауалына жауабы

«Автокөлік ұрланған жағдайда иесі көлік салығын төлеуге тиіс пе?» деген сауалға Алданыш Адамбеков ішкі істер органдары салық органдарына берген көлік құралын ұрлау жөніндегі сотқа дейінгі тергеулердің бірыңғай тізілімінде өтінішті тіркеу фактісін растайтын мәліметтер оның иелерінен ұрланған және ұрланған деп есептелетін көлік құралын іздеу кезеңіне салық салудан босату үшін негіз екендігін қаперге салды. Бұл ретте мұндай салықты есептеу өтініш көлік құралын ұрлау фактілері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелген күнінен бастап тоқтатылады. Салықты есептеу көлік құралын ұрлау туралы қылмыстық іс тоқтатылған және ішкі істер органдары салық органдарына берген мәліметтер негізінде оны қайтарған күннен бастап қайта жаңғыртылады.

«Мүліктік салықты уақытында төлемеген жағдайда қайтпек керек?» деген рәуішті сауалымызға спикер берешегі бар салықтарды төлеуге, салық төлеу фактісін растауға, салық берешегін өтеген күннен бастап, бір жұмыс күнінен кешіктірілмей растайтын құжаттарды құзыретті мекемеге ұсынған жағдайда, өкімнің күші жойылатындығын хабарлады.

«Жалғызілікті зейнеткер мүлік салығын төлеу қажет пе?» деген сұраққа жеке тұратын зейнеткерлер айлық есептік көрсеткіштің 1000 есе мөлшерінде мүлік салығын төлеушілер болып табылмайтындығын, яғни, 2023 жылы айлық есептік көрсеткіш тиісінше 3450 теңгені құрағандығы турасында хабардар болдық.

Таразы

Сөз соңында облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаменті басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Алданыш Адамбеков пен жеке тұлғаларды әкімшілендіру және жалпыға бірдей декларациялау бөлімінің басшысы Алтынай Байдалина өңір тұрғындарына мүлік, жер учаскелері мен көлік құралдарына салық төлеу мерзімдері туралы еске салды. Салық жинауды бақылауды күшейту және көлеңкелі экономикамен күресу бюджетке түсетін салық түсімдерін едәуір арттыруы мүмкін. Бұл мемлекетке әлеуметтік бағдарламалар мен инфрақұрылымдық жобаларды тиімдірек қаржыландыруға мүмкіндік береді. Алайда, көлеңкелі экономикамен күресу артық бюрократияға және бизнесті жүргізу жағдайларының күрделенуіне әкелмеуі маңызды.

Жылжымайтын мүлік пен жер учаскелерінің иелері өткен жылға салықты 2024 жылдың 1 қазанынан кешіктірмей, көлік салығы – есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей төленуі тиіс. Қазақстанда салық төлеуден босатылған азаматтардың санаттары бар. Жоғарыда аталғандардан өзге нақтырақ мәліметті облыстық мемлекеттік кірістер департаменті өкілдерінен білуге болады. Сондай-ақ, салық сомасын білудің және оны бір уақытта төлеудің бірнеше жолы бар. Бұл Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кірістер комитетінің kgd.gov.kz атты ресми сайты мен e-salyq azamat, сондай-ақ, екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларына өтіп өтеуге болады. Қолма-қол ақшамен «Қазпошта» бөлімшелерінде, екінші деңгейдегі банктерде және төлем терминалдарында төлеуге болады.

– Салықты белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып, өсімпұл есептеледі. Хабарлама орындалмаған жағдайда берешек туралы ақпарат өндіріп алу үшін жеке сот орындаушыларына жолданады, – деп атап өтті Алданыш Адамбеков.

DIGITAL KAZAKHSTAN

Жаңа қызмет іске қосылды

Енді Қазақстан Республикасының азаматтары eGov Mobile мобильді қосымшасында «Таза Қазақстан» жаңа сервисін пайдалана алады. Функция әрбір қазақстандыққа смартфонның көмегімен өз қалаларын абаттандыру және экология мәселелері туралы хабарлауға мүмкіндік береді.

«Таза Қазақстан» сервисінің көмегімен eGov Mobile қосымшасының пайдаланушылары проблемаларды фотосуретке түсіріп, әрі қарай шешу үшін жауапты құрылымдарға ақпарат бере алады. Пайдаланушыларға жолдардың, саябақтардың, кіреберістердің, жарықтандырудың, сондай-ақ, қоғамдық және жеке аумақтардың санитарлық жағдайына қатысты мәселелердің кең ауқымы бойынша өтінімдер қолжетімді.

Өтінім берілгеннен кейін барлық ақпарат операторға жергілікті атқарушы органнан келіп түседі. Ол оны жіктейді және орындаушыны тағайындайды. Өтінім санатына байланысты орындаушы тапсырманы орындауы тиіс уақыт автоматты түрде белгіленеді. Орындаушы жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша фотосуретпен және түсініктемемен кері байланыс орнатады.

Өтінім орындалғаннан кейін пайдаланушы орындалған жұмыстың сапасын бағалай алады және бұрын берілген барлық өтінімдерді көре алады.

Сервис іске қосылған сәттен бастап қазақстандықтар https://tazaqazaqstan.kz/ сайты және @TazaQazBot телеграм-боты арқылы 1500-ден астам өтінім берді. Сервисті eGov Mobile қосымшасымен біріктіру өтінім беру процесін одан да жеңіл әрі қолжетімді етеді.

Өз тілшімізден

• ЭКОАКЦИЯ

Табиғат тазалығын өзіңнен баста!

Халықаралық жастар күніне орай қаланың орталық саябағында облыстық Жастар ресурстық орталығы, «Жастар рухы» және еріктілердің ұйымдастыруымен «Өзіңнен баста!» экоакциясы өтті.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясына, барлық тұрғындар белсенді түрде қатысып, жақсы нәтиже көрсетіп келеді. Табиғатты аялауға құштар, еңбекқор жастар – жазғы демалыстың бос уақытын тиімді пайдаланып, қаланың гүлденуіне үлес қосуда.

– Пластикалық бөтелке қақпақтарын жинау акциясына 30-ға жуық бала мен жастар қатысты. Олар 500-ден астам пластикалық қақпақты жинап, спорт дүкенінен сертификаттар мен термостар алды. Жиналған қақпақтардан Қарағанды облысының картасын жасап шықты. Картаны салуға жастар арасында танымал суретші және сазгер Жанболат Бабақов та атсалысты. Енді, карта орталық саябақтың жағалауына көрік беріп, қала тұрғындарына ерекше әсер сыйлары сөзсіз, – дейді Жастар ресурстық орталығы.

Ұйымдастырушылардың пікірінше, «Өзіңнен баста!» секілді акциялар жасөспірімдер мен қала тұрғындарының арасында экологиялық ойлауды дамыту мәселесіне және табиғатты аялауға баулып, қоғамның назарын аударуға оң әсер етеді.

«Өзгені түзеткің келсе, өзіңнен баста!» ұранын ұстанып, Табиғат-Ананы аялап, таза әлемде өмір сүрейік.

Аружан СЕРІКБАЙ

Тасжол талапқа сай ма?

«Қарағанды-Балқаш» тасжолының жөндеу барысы 2019 жылдан бері бұқара назарында. Жыл соңына дейін ашылуы тиіс алты жолақты магистраль құрылысы мәреге жетуге аз қалды. Шылбырша шұбатылған тасжолдың құрылыс сапасы мен барысын бақылау үшін «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» АҚ Қарағанды облыстық филиалының басшысы Ерлан Жұмағұлов, облыстық қоғамдық кеңес мүшелері, облыстық полиция департаментінің және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері бар арнайы топ жолға шықты. Қоғамдық кеңестің көшпелі отырысы аясында тасжолдың жай-жапсары туралы мол мағлұмат берілді.

Президент тапсырмасын орындай отырып...

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жолға жұрт дән риза

Қарағанды қаласынан Ақсу-Аюлы ауылына дейінгі аралықтағы жол жөндеу жұмыстарымен танысу көзделді. Алғашқы аялдама Жұмабек ауылының Қарағандыға барар жолы болды. Жол торабына арнайы белгілер мен бағдаршам орнатылады. Ауылдан қалаға қарай шыққан көлік жолы негізгі жолдағы көлік қозғалысына кедергі келтірместей етіп жасалған.

– Жол ауыл тұрғындарына тиімді болу үшін олармен ақылдаса отырып, салынып жатыр. Ең басты қаперге ұстар жай – ол ауыл малының тасжолға шығып кетпеуі. Жол құрылысы барысында бұны да ескердік. Жолдың ауылдан өте беріс тұстарына мал өтетін арнайы ашық өткелдер, көпірлер орнатылды. Ондай өткелдің саны – 50. Бұл өткелдер Балқашқа дейін жалғасады. Ал, мал өтетін жерге жылқының бейнесі қойылады. Ол жай бейне емес. Бейне-белгілер жүргізуші көзіне алыстан түсетіндей арнайы жарқырайтын бұйымдардан жасалады.

Сонымен қатар, жол бойында қар ұстайтын бөгеттер де ескерілген. Жолдың көктемдегі қар суы жиналатын ойпаң жерлерінде 150 шақырымға дейін суағарлар орналасқан, – дейді Ерлан Жұмағұлов. Ал, бұған Жұмабек жұрты разылығын білдіруде.

Жол бойында демалыс орны ашылады

Мамандардың айтуынша, жолда тоқтап демалатын 18 тұрақ салынады. Олар 24 сағат жұмыс істейді. Атап айтсақ, жуынатын орнымен қоса намазхана, дәретхана болады. Сонымен бірге, көлік жөндейтін, дөңгелек жамайтын орындар да болатын көрінеді. Ол орындар кәсіп жасағысы келген кәсіпкерлерге берілмек. Әрине, бұл – «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» АҚ өкілдерімен кеңесе отырып шешілер мәселе. Ерлан Маратұлының сөзінше, тамыз айының соңына дейін Балқашқа дейінгі 363 шақырымның 250 шақырымы жөнделіп қолданысқа беріледі.

Естеріңізде болса, жол жөндеу 2019 жылы басталуы тиіс еді. Алайда, пандемияның әсері әлеуметтің әлеуетін әлсіретіп қана қоймай, қымбатшылыққа да ұрындырды. Жол құрылысына керекті заттардың қымбаттауы салдарынан жөндеу кейінге қалған-ды. Десек те, қазір жұмыс қарқынды. «ҚазАвтоЖол» қара халықты жолдың қарашаның аяғына дейін толық аяқталатындығына сендірді. Бұған облыстық Қоғамдық кеңес пен полиция департаменті өкілдері де куә.

Жолдың негізгі құрылысына келсек, мамандардың айтуынша, жол 4 жолақтан тұрады. Жолақтың біреуінің ені – 3 метр 75 см ал, жалпы ауқымы 25 метрді құрайтын көрінеді.

Әзірге айтар сын, тағар мін жоқ

Дегенмен, кейде кеше жөнделген жолдың бүгін миы шығып, қала берді жауын шайып, сол баяғы таз қалпына түсетіні бар. Қоғамдық кеңес мүшелерінің бұл күдігін жолаушылар пікірі сейілтті.

– Жолдың сапасы өте жақсы. Бұл жолмен жүргеніме жыл жарым уақыт болды. Қазір Ресейдің Новосібір қаласынан келе жатырмын. Ең бастысы – жол кең, әрі жолаушыларға қауіпсіз. Сол көңілді жайландырады. Тасжолмен әуелден бері, яғни, жол жасалғаннан бері жүргендіктен жол құрылысына да куә болдым. Жолға төселген асфальт құрамы бірнеше қабаттан тұрады. Сондықтан, бұл жол көп жылға шыдамды болуы тиіс. Бұрын Сарыағаштан Павлодарға тәуліктеп жүретін едік. Қазір екі сағатта жетіп барамыз. Еліміздің жолы Ресейдің жолдарынан әлдеқайда артық дер едім, – дейді Шымкент қаласының тумасы, жолаушы Қайыр Райымбердиев.

Расында, жол құрылысында жолаушы қауіпсіздігі қатаң сақталған. Ақсуға дейінгі жол үстінде кезігетін төбелер мен бұйраттарға арнайы барьерлер (кедергілер) орнатылған. Ол кедергілер төбе астындағы көрінбей келе жатқан көлікке қарсы қозғалысқа шықпас үшін керек. Дәл осындай жол оқиғасының салдарынан қаншама адам апатқа ұшырады?!

Қауіпсіздік – басты назарда

Қазір жолдағы жөндеу жұмыстарына байланысты көлік жылдамдығы қатаң түрде сағатына 50-70 шақырымды құрауы тиіс. Облыстық полиция департаментінің мәліметінше, өткен жылы өңірдің негізгі тасжолдарында 392 жол-көлік оқиғасынан 167 адам қаза тауып, 430 адам әртүрлі дәрежедегі жарақаттар алған екен. Орны толмас қайғыға бастар басты себеп – жылдамдықты шамадан тыс арттыру. Мұны облыстық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Жасқайрат Қайыров та атап өтті.

– Жолдың құрылысында мін жоқ. Тек сол жолдың берілген ережелерін жолаушылар сақтамайды. Соның салдарынан қаншама адам ажал құшты.

Ауыл маңындағы жылдамдық сағатына 50-70 шақырымды құрайды. Алайда, бұл ережені көп жүргізуші елемейді. Әсіресе, inDrive қосымшасының жүргізушілері асығып, жол ережесін жиі бұзады. Олар жолда ұйқысыз, демалыссыз жүргендіктен қалғып кетеді. Оның соңы жол-көлік апатына алып келеді. Міне, осындай орны толмас қайғылы жағдайлардың алдын алу мақсатында «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» АҚ Қарағанды облыстық филиалының мамандары шулы жолақтар орнатпақ. Ол көлік жүргізушісінің сақ және сергек болуын қамтамасыз етеді, – деді Жасқайрат Қайыров.

Қуанарлық жаңалық екені рас. Жол жөндеушілер жолды жөндемей жатқан жоқ. Күні-түні аянбай тер төгуде. «Жолдың тез тозуының себебі – жүк көліктері» дейді Ерлан Жұмағұлов. Әлбетте, жол сапасын құртатын бірден-бір себеп – күн ыстығында жолда жүретін ауыр жүк көліктері. Полиция департаменті өкілдері бұл олқылықтың да алдын алатындығын мәлімдеді.

Тағы бір ескерер жайт, жолдың барьерлері, белгілері мердігер компанияға жүктелетін көрінеді. Егер де ол сынып, я бүлінсе, оны қалпына келтіру мердігердің мойнында. Жолдағы арнайы белгілерсіз жол қозғалысы қиынға соғары хақ. Ал, 363 шақырымдық бұл жолға 30 қарашаға дейін ондай белгінің 1560-ы орнатылады.

Суреттер **автордан**

● ҚҰҚЫҚ

Есірткіге еліткендер азаяр емес

Есірткінің заңсыз айналымы азаяр емес. Өлім саудалаған өлермендердің жолын құқық қорғау органдары кесудей-ақ кесіп келе жатқанымен, тәркіленген есірткі көлемі кемімей тұр. Мәселен, осы жылдың өзінде Балқаштың тәртіп сақшылары 7 айда 10 келіге жуық есірткі тәркілеген.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Балқаш қаласы полиция бөлімі басшысының орынбасары Ерғазы Артықбаевтың айтуынша, есірткі, психотроптық өнімдерді сақтау, тасымалдауға қатысты барлығы 38 қылмыс анықтаған. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда едәуір өскендігін білдіреді. Қылмыскерлер, әсіресе, марихуана, гашиш саудалап, синтетикалық есірткі өндеген. Тіпті, есірткіні өсіргендер де бар. Полиция бөлімі қылмыскерлердің басым бөлігі жасөспірімдер екенін жеткізді. Оларға қатысты ҚР ҚК бойынша қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

– Биыл маусым айынан бастап қараша айына дейін республикалық «Қарасора» профилактикалық шарасы өтуде. Жедел алдын алу іс-шарасы негізінде есірткіге қатысты 6 қылмыстық іс анықталды. Оның ішінде, ірі көлемде есірткі затын сақтау бойынша бір қылмыс және тыйым салынған өсімдік өсіру, құрамында есірткі өнімі бар өсімдік өсірудің бір дерегі тіркелді, – дейді Ерғазы Артықбаев.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының тапсырмасы назардан тыс қалған жоқ. Былтыр жыл соңында Президент еліміздегі қылмыстық заңнамаларға өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, жекелеген қылмыстарға жауаптылық күшейе түскен еді. Бұл өзгертулердің арасында есірткі қылмысы үшін жауапкершілікті қатаңдату мәселесі де бар. Сол өзгертулерге сәйкес, енді бұдан былай есірткіні насихаттағандар мен жарнамалағандар 6 жылға дейін бас бостандығынан айырылатын болды. Есірткінің заңсыз айналымы үшін жауаптылықты көздейтін баптарда және есірткіні пайдалануға көндіргені үшін «электронды ақпараттық ресурстарды пайдалану» және «қоғамдық орындарда» деген жаңа саралау белгілері енгізілді. Бұдан былай, интернетте, түнгі клубтарда, дәмханаларда, парктерде есірткі айналымына жол салғандар 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылса, кәмелетке толмағандарға осындай тәсілмен есірткі сатушылар өмір бойы бас бостандығынан айырылады.

БАЛҚАШ

● ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Кедергісіз орта теңдікті қамтамасыз етеді

Қарағандыдағы бос орындар жәрмеңкесінде мүгедектігі бар 100-ден астам тұрғынға қаланың 30 кәсіпорнынан 200-ден астам жұмыс орны ұсынылды. Сондай-ақ, кәсіптік оқыту және жұмысқа орналастыру мәселелері, оның ішінде, «Күміс жас», «Әлеуметтік жұмыс орны», «Қоғамдық жұмыстар» және квоталанатын жұмыс орындары бағыттары бойынша кеңес берілді.

Мүгедектігі бар адамдарға арналған жұмыс орындарының жәрмеңкесін «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында еңбек ұтқырлығы орталығы «AMANAT» партиясының облыстық филиалымен және Ten Qogam мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталығымен бірлесіп ұйымдастырды.

– Мүгедектерге арналған бос орындар жәрмеңкелері еңбек нарығында инклюзивтілік пен теңдікті қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Олар жұмыс берушілер мен мүмкіндігі шектеулі жұмыс іздеушілер үшін бетпе-бет кездесуге, ақпарат алмасуға және ынтымақтастықтың ықтимал әлеуетін талқылауға мүмкіндік туғызады, – деп есептейді «AMANAT» партиясы жанындағы Республикалық инклюзиялар кеңесінің мүшесі, «Кедергісіз келешек» партиялық жобасының елшісі Нияз Сүндетәлиев.

«Мүгедектігі бар адамдарға мұндай жәрмеңкелер жұмыс іздеуде жиі кездесетін кедергілерді жеңуге көмектеседі», дейді ұйымдастырушылар

Өз тілшімізден

● БІЗДІҢ СҰХБАТ

Сыдықтың сазын ұмытуға бола ма?..

Классикалық музыка дегенде, қазақтың мандайына біткен санаулы ғана композиторларымыз бар. Мұны мойындау керек. Солардың бірегейі Сыдық Мұхамеджановтың шығармашылық мұрасы бұл күндері дұрыс насихатталмай, ұмытылуға айналғаны өнерді түсіне, бағалай білетін қауымның жанына батады. Кезінде айтулы композитордың шапағатын көрген белгілі жазушы, драматург, халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Софы Сматаевпен әңгімеміз де осы төңіректе өрбіді.

– Софы аға, әңгімемізді Сыдық Мұхамеджанұлын алғаш көрген кезіңізден бастасақ. Ол кісіні бұрыннан білетін бе едіңіз, әлде Алматыда тұратынын біреуден естіп білдіңіз бе?

– Мен Алматыға оқуға түсуге 1959 жылы келдім. Ауылдан жол жүрерде әкем: «Сол жерде Сыдық Мұхамеджанов деген ағаң бар, композитор. Соны тауып ал», – деп еді. Содан келіп ҚазМУ-дің филология факультетіне құжаттарымды тапсырдым. Шындығында, ешкімнің үйіне барғым келмеді: жатақханада орын болмай, екі күн вокзалда түнедім. Үшінші күні сол кездегі ақшамен 25 сом беріп, жатақхананың бір қуысынан орын тиді. Бір бөлмеде он кереует, он абитуриент. Соның ішінен сегізі құлап, екеуіміз түсіп кеттік те, бос қалған бөлменің төрінен өзіме орын сайлап алдым.

Әкемнің аманаты жадымда. Оқуға түскеннен кейін екі ай өткенде сұрастырып жүріп Сыдық ағаның мекенжайын тауып алып, үйіне бардым. Барсам, жабық есігінің алдында бір қыз бала тұр екен. Айтуынша, Сыдық ағамның апасынан туған жиені екен. Үйде ешкім жоқ. Жаңағы жиен қызға қайдан келгенімді, аты-жөнімді, тұрып жатқан жерімді тәптіштеп түсіндіріп айттым да, кетіп қалдым. Ауылдан келген екпініммен балалық жасап, «Алыстан іздеп келдім, енді өзі тауып алсын» дегендей болып кеттім.

Ол кезде филфактың жатақханасы Калинин көшесінде орналасқан. Сыдық ағаның үйінен үш жүз метрдей ғана жерде. Бір жұмадан кейін бөлмемнің есігі қағылды. Ашып едім, келген кісі: «Сматаев деген жігіт бар ма?», – деді ішке ене беріп. «Мен», – дегенім сол-ақ екен, құшақтай алды. «Әй, мен сенің Сыдық деген ағаң болам. Үйге кірмей кетіп қалғаның не? Жүр», – деп, алды-артыма қаратпастан ертіп ала жөнелді. Үйге келсек, жеңгей тамақ дайындап қойыпты. Ет асыпты. Содан жөн сұрасып, жақын таныстық.

– Оқуға түстің, бірдеңе жазып жүрсің бе? Жазғандарың бар ма? – деп сұрады.

– Өлеңдерім бар, – деймін.

– Оқышы бір-екі шумағын.

Оқып бердім. Ағам тыңдап алды да:

– Әй, сенен бірдеңе шығады. Мынауың жақсы екен. Өзім араласатын біраз ақынды білем ғой. Сен өлеңнің қалай құрылатынын біледі екенсің. Ешқандай селкеулік жоқ, осы бетіңнен танба, – деп дем беріп қойды.

– Содан кейін жақын араласа бастадыңыздар ғой?..

– Иә, осыдан кейін араласа бастадық. Арада бірер ай өткенде жатақханама тағы да өзі келді. «Бүгін жеке дауыстың «концертино» дегені болады. «Қазақконцертте» қояйын деп жатыр. Жолай Айя Байқадамова деген әншіні ала кетеміз», – деді.

Айя дегені – әйгілі композитор Бақытжан Байқадамовтың туған қарындасы Айсұлу Байқадамова екен. Жолшыбай ертіп алдық та, «Қазақконцертке» келдік. Айсұлу оркестрдің сүйемелдеуімен бір шығарманы орындады. Соңынан Сыдық ағам: «Қалай, ұнады ма?», – деп сұрады. Ол кезде музыка жанрларын айыра білмеймін ғой. «Аға, мен бәрін түсінем, маған ұнады, тек мына шығарманың сөзін естімедім ғой, – деймін. «Бұл – концертино, – деді ағам. – Жеке дауысқа арналған шағын концерт осылай болады. Ал сөзімен айтатын әуенді «вокал» дейді».

Жатақханада үш жігіт бірге тұрдық. Студенттің ашқұрсақ жүретін кездері жиі болады ғой. Жаңағы екі досымның бірінің көкесі (әкесінің інісі) – әлдебір министрдің орынбасары, екіншісінің жақын ағайыны әрі жездесі – қазақтың әйгілі ақыны Тайыр Жароков. Әбден қарын ашқанда сол кісілердің бірінің үйіне барамыз. Министр орынбасарының әйелі әлде татар, әлде орыс болатын. Дастарханға шөп-шаламнан жасаған салаттарын қояды. Жұғымсыздау ас болған соң, орта қарынды қанағат етіп қайтамыз. Жароковтың үйінен де жарылқана алмаймыз. Енді бір ашыққанда әлгі екеуі: «Әй, Софы, сенің ағаңның үйіне барайық та», – дейді. Жеңгейдің қолы ашық, қай уақытта барсақ та жайдары қарсы алып, алдымызға бір табақ ет қояды. Ағам екеуі бір-ақ бөлмелі үйде тұрды, асүйді де бөлме қылып алған. Ол кезде орын алатын газ жоқ. Барған бетімізде «Софушка келіп қалды ғой!» деп қуана қарсы алып, қарнымыз ашып жүретінін сезетін болуы керек, «Қанеки, қолдарыңды жуыңдар да келе қойыңдар», – деп лездің арасында дастархан жая қояды. Ағай ол кезде Композиторлар одағының бірінші хатшысы болатын. Ол кісі көбінесе жұмыста жүреді.

Бұл әлі бірінші курста оқып жүрген 1959 жыл ғой. Ол кезде журналистика әлі жеке факультет емес, филология факультетінің құрамында. Сонда оқитындарға қызығып жүріп, менің де журналист болғым келді. Сол ойымды бір күні ағама айттым. Деканымызға айтып, журналистика бөліміне ауысуға көмектесуін сұрадым. Ол кездегі деканымыз – Тауман Амандосов. Ағам меселімді қайтармай, бір күні оқу корпусымызға келді. Елге танылған кезі ғой, сыртынан көргендер: «Мына кісі композитор ғой, кімді іздеп

жүр екен?», – десіп жатты. Содан не керек, мені ертіп деканға кірді. «Мынау інімнен көп үміт күтіп жүрмін, жазушы болатын түрі бар. Қалауы журналистика болып тұр, сол бөлімге ауыстырсаң», – деп төтесінен келген шаруасын айтты. Тауман Салықбайұлы ағамның бұйымтайын тыңдап алды да: «Әй, Сәке, сен менің ақылымды ал да, мына ініңе түсіндір: жазушы боламын деген адам филология факультетінде оқуы керек. Көп нәрсені сонда үйренеді. Ал, журналистикаға ауысса, негізінен газет жанрларын меңгеріп, жазушылық бейімінен айырылып қалуы мүмкін. Сондықтан бұл баланы әуре қылмай, осы филологияда қалдырған абзал», – деді. Ол кезде бірінші семестрді кілең бестік бағамен аяқтағам. Соны меңзеп, «Мен де бұл балаға үміт артып отырмын. Екінші семестрді де кілең бестікпен бітірсе, лениндік стипендияға ұсынамын. Сондықтан, бір бөлімнен екінші бөлімге ауыстырудың керегі жоқ. Оның үстіне пәндік айырмашылықтар бойынша емтихандар тапсыру қажет болады. Сонда төрттік баға алып қалса, үздіктер қатарынан шығып қалады», – деді сөзін нығарлап.

Мен болсам, отырып алып көнбедім. «Жоқ, журналистикаға барам», – деймін. «Сұранып отыр, қайтесіз, енді, Тәке. Осының сұрауымен әдейі келдім ғой. Баланың меселін қайтармайық», – деді ағам да. Ақыры не керек, деканды көндірдік. «Жарайды, – деді ол кісі. – Өзің әдейілеп келіп отыр екенсің, көңіліңді жықпайын. Бала айырмашылық емтихандарын тапсырсын». Бұл 1960 жылдың көктемі болатын. Пән айырмашылығы емтихандарының екеуінен де өте жақсы деген баға алдым. Ол кезде университетімізде Мұхтар Әуезов дәріс оқитын. Қай уақытта, қай курсқа лекция оқитынын алдын ала біліп алып, кейде орын болмай қалатындықтан, дәрістерін өзіммен бірге орындық ала барып тыңдап жүрдім.

– Ұлы ұстазбен жеке тілдесіп, әңгімелескен кездеріңіз болды ма? Сізбен не жайлы сөйлесті?

– Мұхаң дәрістерінде мені байқап, көз қырын салып жүреді екен. Мен кітапханадан шықпайтын едім. Бірде сол кітапханадағы оқудың арасында араб қаріптерімен елдегі әкеме хат жазып отырғам. Мұхаң жанымма таяп келіп:

– Сары бала, сен не істеп отырсың? – деді.

– Әкеме хат жазып отырмын.

– Аа, арабша білесің бе? Оны өзің үйрендің бе?

– Иә. Өзім үйрендім.

– Әкеңнің аты кім?

– Әкемнің аты – Қалыбек.

– Нешеде, менен үлкен бе, кіші ме?

– Он екі-он үш жастай кіші...

Мұхаң сонда: «Онда қаламыңды бер», – деді де, алдымдағы қағазға «Қалеке, мына Софыны жақсы дайындаған екенсіз, үміт күтем сіз де, мен де» деп жазып берді. Кейін әкем қайтыс болғанда сол хат қалтасынан шықты ғой. Тағы бірде С.Маловтың сына жазу үлгілерін қарап, соны меңгерсем деп отырғам. Мұхаң жанымма келіп: «Әй, сары бала, сенің қазіргі білімің біздің кейбір аға оқытушылардың білімімен тең болмаса, кем емес. Бірақ, ешқандай оқу орны жазушы дайындап шығара алмайды. Жазушы болу үшін соған сай табиғи болмысың, Алла тағаланың берген дарыны болуы керек. Оны талант деп айтады. Сенде сол таланттың ұшқыны бар сияқты, мен білсем. Сондықтан, сен егер шын жазушы болам десең, миыңды, ойыңды ұстайтын техникалық вузға түс. Онда да Москваға барып оқы. Москваның көшесінің өзі бір университет. Өзіндегіден басқа жан-жақтан да театрлар гастрольдетіп келіп жатады. Көркемсурет салондары мен музейлері де тұнған білім. Афишаларын қарай жүрсең, қайда не болатынын алдын ала білесің. Сол Москваның театрларына ең болмағанда бір-бірден кіріп шықсаң, сол саған көп нәрсені үйретеді. Екінші университетің сол Москваның мәдени ортасы болады. Соның бәріне жету үшін алдымен жаңағы айтқандай бір оқу орнына түсуің керек», – деп ұстаздық ақылын айтты.

Ұлы адам осылай дегеннен кейін менің де арман-қиялыма қанат біткендей болды. Журналистика бөліміне ауысу үшін айырмашылық емтихандарын тапсырып болғам, енді екінші курстан бастап сонда оқимын деп жүрген кезім ғой. Қиялым енді Мәскеу жаққа ауа берді. Ойымды басқа кімге айтам, Сыдық ағаммен ақылдасайын деп шештім. Ол кісі мені тыңдап алды да, «Анаған бір, мынаған бір ұмтыла берсең, сенен ештеңе шықпайды. Әсемпаздықты қой. Бір жерден екінші жерге секіре беріп, әлгі Крыловтың «Шегіртке мен құмырсқа» мысалындағыдай болып жүрме. Ауысатын болсаң, тағы бір жыл уақытыңды жоғалтайын деп тұрсың. Оның жарамайды», – деп қарсылығын айтты. Содан кейін ғана маған осылай кеңес беріп, ақыл айтқан Мұхтар Әуезов екенін айтып едім, «Ә-ә, Мұхаң солай деді ме? Ол кісі біледі ғой, онда баруың керек. Бірақ, онда емтихан тапсыра аласың ба, орысшаң қалай еді? Біздің ауылды білесің ғой, орысшамыз онша емес. Ал емтиханның бәрін орысша тапсырасың, өте аласың ба?», – деді. «Тырысып көрейін», – дедім мен.

Ол кезде Мәскеудің жоғары оқу орындарынан Алматыға арнайы комиссия келіп, талапкерлер шілде айында емтихан тапсыратын. «Онда сен былай істе, – деді ағам. – Қазір студенттердің дені жазғы каникулға тарап кеткен жоқ па, жатақханада жөндеу жұмыстары басталған шығар, мазаңды алады. Сондықтан сен осы үйге келіп жат. Бөлмең мынау, жеңешең тамағыңды беріп тұрады. Ештеңеге алаңдамай, емтихандарыңа жақсылап дайындал». Солай болды да. Ағам мені ерекше жақсы көрді. Мазасын алмаңдар деп жаныма ешкімді, тіпті өзінің үйдегі бала-шағасын да жолатпайды. Тамағым дайын, жеңгейдің дайындаған ас-ауқаты да сондай дәмді болатын. Мен Мәскеудің Болат және қорытпалар институтының металлургиялық процестерді автоматтандыру факультетіне тапсырдым. Емтихан қабылдайтын жер біздің үйдің дәл іргесінде. Екі ортаны тек бір дуал ғана бөліп тұр. Одан ар жағына секіріп түсем де, ғимаратқа кіре берем. Ақыры не керек, бес пән бойынша тапсырған емтихандардың төртеуін бестік, біреуін ғана төрттік бағаға тапсырдым да, оқуға түстім.

– Ол кезде Сыдық ағаның балалары жас қой. Пәтері де шағын.

– Иә, ол уақытта олар кішкентай: Үлкені Ләйлә 1951 жылы, одан кейінгі Ләззат 1953 жылы, ұлы Мұрат 1955 жылы туған. Кенжесі Гүлжан 1963 жылдың маусым айында дүниеге келді. Гүлжан өмірге келгенде ағам екеуіміз перзентханаға таксимен барып, жеңешемді сәбиімен бірге алып қайттық. Өзі бір-ақ бөлмелі аядай пәтер ғой. Асүйін де бір бөлме қылып қойған, онда Сыдық ағамның Дәулетхан деген інісі екеуіміз жатамыз.

Оқуға түсіп, ауылға қайтарымда ағам өзі шығарып салды. Сәт-сапар тілеп, ақылын айтты. Мәскеуге жүрмес бұрын туған жеріме келіп, біраз уақыт демалдым.

Мәскеуде оқып жүрген алғашқы жылдардың бірінде ағам телефон соқты. Одақтың астанасына бір шаруаларымен келген екен. «Москва» қонақ үйіне тоқтапты. Қасындағы серіктері – сол кездің өзінде қазақтың бір-бір тұлғасына айналған: белгілі өнер қайраткері, Қазақстанның Халық артисі Қанабек Байсейітов пен Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының директоры Жексенбек Еркінбеков. Үшеуі бір бөлмеде жатыр екен. Елден келген үлкен кісілерге құрқол барған ыңғайсыз, не алсам екен деп біраз ойландым. Ақыры, жолдан бір шампан шарабы мен бір қорап кәмпит алып, қонақ үй бөлмесінің есігін қақтым. Ағаларым құшақ жая қарсы алды. Алып келген заттарыма қараған Сыдық ағам: «Әй, осы сендердің інілеріңді шақырсақ, құрқол келеді. Көрдіңдер ме менің інімді, жөн білетін бала», – деп қуанып қалды. Жексенбек менің ағамнан бес-алты жас кіші. Сол кішілігіне меңзеп оған: «Анау шампанды аш», – деді. Ыдыстарға құйылған соң маған да ұсынып жатыр, «Жоға, – деймін, – мен ішпеймін». Ағам мұнымды құптады.

– Мұндайға жоламағаның дұрыс. Оқуың қалай?

– Оқуым жақсы, жаман емес.

– Сабақтарыңды тегіс үлгеріп жүрсің бе?

– Үлгеріп жүрмін. Ауызша сабақтардан кейде үштік, төрттік алып қалам. Ал математика сияқты нақты ғылым пәндерінен кілең бестік.

– Оқығаның дұрыс, жақсы оқы...

Ағалармен қоштасып, кетуге ыңғайланғанымда Сыдық ағам: «Ақшаң бар ма?», – деді. «Ақшам бар, жетеді». «Ырым болсын», – деп сонда да екі жиырма бес сомдықпен елу сом ақша берді. Сосын тағы:

– Қазір не жазып жүрсің, жазғандарың бар ма? – деп сұрады.

– Әңгімелер жазып жүрмін.

– Әй, поэзияны қойдың ба?

– Жоқ, поэзиям да бар. Тәкен Әлімқұлов ағам сен прозаға жақынсың, өзің байқап көр деп кеңес беріп еді. Сондықтан прозаны әңгімеден бастап көрсем деп ем. «Елім-ай» деген тақырыпқа бір новелла немесе әңгіме жазсам ба деп, қазір соны ойланып жүрмін.

– «Елім-ай» әні бойынша ма?..

– Иә, сол ән бойынша.

– Жақсы тақырып екен. Бірақ сол әңгімеге сыя қойса...

Ағамның ойын түсіндім. «Бастайын, сосынғысын көре жатармын», – дедім тек.

Сыдық ағам келесі жылы Мәскеуге тағы келді. Ол кезде Қазақстан Композиторлар одағының төрағасы еді. Бұл жолы да қызмет бабымен жиналысқа келген екен. «Мен «Беу, қыздар-ай!» деген опера жазып жатырмын, – деді сонда. – Қазақ сахнасындағы тұңғыш комедиялық опера болады. Нәтижесі қалай болатынын білмеймін, бірақ соны шығаруым керек. Ақшасын алып қойдым. Осылай шапқылап жүріп қол да тимей кетті. Ойымда тағы бір операның қаңқасы бар, ол Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасының желісі бойынша. Негізгі геройы Адақ болуы керек. Сен соны ойластыр, либреттосын сенен басқа адам жазады деп ойламаймын. Біріншіден, өзіне сабақ та болады. Шығармашылық өсуіне септігі тиеді. Екіншіден, сенің маған көмегің керек. Басқаларға айтсаң, сөзіңді жүре тыңдап, әрнені сылтауратып, жаны ашымайды». Мен келістім. Ағам Алматыға барысымен поштамен Сәкеннің бір томдығын салып жіберді, ішінде «Көкшетауы» бар.

Сол 1964 жылдың жазында елге келдім. Мен келгеннен араға үш күн салып, Киікке Сыдық ағам да келді отбасымен. Ол кезде ауылда кезінде әкесі салған үйі бар. Біздің үй ағамды бүкіл әулетімен дәмге шақырып, қонақ еттік. Соның ертеңіне мені үйіне шақырды, ақылдасайық деп. Бардым. «Беу, қыздар-ай!» операсының партитурасын аяқтап, енді оркестровкасын жасап жатыр екен. Әуенін ыңылдап айтып, маған ұзын-ырғасын түсіндіріп жатыр. Ол операның премьерасы сол жылы болды ғой.

Содан кейін барып, «Көкшетау» не болды?», – деді. Мен өзімше жазған нұсқамды ала келгем, соны қолына ұстаттым. Қараймын деп алып қалды. Демалыс аяқталып, қайтадан Мәскеуде жүргенімде хат жазып жіберіпті. «Еңбегіңді оқып көрдім. Бірақ сенің мынауың либреттодан гөрі пьесаға ұқсап кеткен. Либреттоның көлемі шағын болуы керек. Ал сенің жазғаның елу-алпыс бет. Осыны кем дегенде екі есе қысқарт.

Әңгімелескен
Қайрат ӘБІЛДА

(Басы. Жалғасы бар)

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Ғақлияға толы туынды

Саран қаласында қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының шағын архитектуралық пішіні ашылды. Өнер туындысы ағартушы және философтың атын иемденген мектептің аумағында бой көтерді. Бірінің үстіне бірі тізілген кітаптарға хакімнің нақыл сөздері жазылған.

Шағын архитектуралық туындының салтанатты ашылуына жергілікті билік өкілдері, қала тұрғындары мен ұстаздар қауымы қатысты.

Ерекше жасалған туындының бір жағында ақынның суреті, екінші жағында оның сөздері бейнеленген ашық томмен тігіліп, бірінің үстіне бірі тізілген кітаптар түрінде жасалған.

– Абай мектебінде қазақ халқының ұлы перзентінің құрметіне шағын архитектуралық пішіннің орнатылуы – біз үшін үлкен мәртебе. Қаламыз үшін де, жалпы білім беретін мектеп ұжымы мен оқушылар үшін де айтулы оқиға. Әрине, осыдан кейін балалар Абай атасының сөздерін құлшына жаттап, оқу-білімге құштарлығы арта түсері сөзсіз, – деп атап өтті мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлден Серікова.

Архитектуралық пішіннің орнатылуы Абай күні мерекесіне және Саран қаласының 70 жылдық мерейтойына орайластырылғанын атап өткен жөн. Тапсырыс беруші – Саран қаласының мәдениет және тілдер бөлімі.

Өз тілшімізден

Сурет ашық дереккөзінен

Музей маңы тазартылды

Абай ауданы Долинка кентіндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған мұражай маңы «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында тазартылды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған сенбілікке 30-ға жуық адам қатысты. Сенбілікке қатысушылар ағаштардың қураған бұтағын кесіп, гүлзарларды тазалап, ескерткіштерді мұқият жуып шықты.

Мұражайда жер аударылған суретшілердің сирек туындылары, тұтқындардың хаттары және бірегей экспонаттар сақталғаны белгілі. Тарихи орын болғандықтан бұл жерге шетелдік туристер жиі келеді.

– Біз «Таза Қазақстан» акциясын қолдаймыз. Акция аясында мұражайымыздың аумағында түрлі мемориалдық ескерткіштер орнатумен қатар, аумақты тазалауға байланысты түрлі шараларды жүзеге асырудамыз. Әрине, біз барлық ескерткішті таза сақтауға міндеттіміз, – дейді тарихи мұражай экскурсиялық және қоғамдық жұмыс бөлімінің меңгерушісі Ксения Морозова.

Сурет ашық дереккөзінен

● ТАНЫМ

Самат Нұржановтың «Абай термесі» жинағы

(Соңы. Басы №89 санында)

Екінші бір сөз «тәңірі». Атау септікте, жекеше тұлғасында «тәңір» кім? не? деген сұраққа жауап береді. Жинаққа жүгінсек, «Тәңірі ісіне сен де көн» бір қарағанда дұрыс сияқты. Бірақ үңіле түссеңіз: «кімнің тәңірі?» деген сұрақ тағы көлденеңдей қалады. Біздің ойымызша, Самат нұсқасындағы «Тәңрі ісіне сен де көн» немесе, біреудің «тәңірінің ісіне» емес, ортақ «тәңірінің», бәріміздің «тәңіріміздің ісі» болуға тиіс.

Сонда Самат нұсқасындағы «Тәңрі ісіне сен де көн» дұрыс болып шығады.

Мұнда негізгі мәселе Тәңірі сөзінің ортасындағы і әрпінің артықтығында емес, тәңрі атау сөз, жеке тұлғадағы жалғаусыз екендігінде.

Бұл да Абай шығармаларының канондық мәтінін дайындаған кезде есте болатын сәт деп есептейміз.

Ал, енді Самат нұсқасындағы бенде мен жинақтағы пендені Абайдың сөз қолдану дәстүрін саралап, байыппен шешкен жөн. Мысалы, «Абай» энциклопедиясына жүгінейік, ақын бендені 23 рет, пендені 24 рет қолданған екен. Мағыналық жағынан бенде мен пендені синоним дегеннен гөрі, Абайдың бір ғана мағынада, «адам, Құдайдың құлы, пайғамбардың үмметі» деген мағынада қолданғанына көз жеткізу қиын емес. Біздің ойымызша, Абай заманындағы қазақ тілінің дәстүріне жүгініп, «бендеге» тоқтаған дұрыс.

«Абай термесіндегі» үшінші өлең Абайдың «Құр өлең бақырған» деп басталатын екі шумағы.

Талдауға оңтайлы болу үшін осы екі шумақты толық келтірейік. Заты, Абай өлеңдерінің ерекше сипаты – жеке сөйлем түрінде мәтіннен ойып немесе жеке сөз түрінде үзіп алсақ, ақынның айтар ойын толық түсінудің қиындығында. Абай ойлары индукциялық тәсілмен бірінен-бірі туып, жалқыдан жалпыға қарай өрбіп, өсіп отырады. Сондықтан болуы керек, Абайдан шағын үзінді алудың оңай еместігін көп жұрт біледі.

«Құр айқай бақырған
Құлаққа ән бе екен?
Өнерсіз шатылған
Кісіге сән бе екен?
Өңкей надан, антұрған,
Қайта айтса, жан ба екен?
Бос жүріп құр қалған
Өміріңе кән бе екен?

деген соңғы жол Самат нұсқасында

Коллажды жасаған М.Әйпекова

«Өміріңе сән бе екен?» деп берілген екен. Мұнда назар аударатынымыз алдыңғы мәтіндегі өміріңе мен екінші өміріне деген сөздердің жазылуы.

«Өміріңе» дегенде, сенің өміріңе сән бе екен деген мағынада бір кісіге ғана арналған болар еді. Ал, Самат нұсқасындағы өміріне – көп адамға, жалпы жұртқа, яғни өлеңде көрініп тұрған өңкей наданға арналғандық анық танылып тұр. Демек, мәтін мағынасын дәлдеп, ойды тиянақтай түсетін өміріне деген сөз осы арадан тиянақты орын тапқандай.

Екінші мәтіндегі тағы бір айырмашылық Самат нұсқасындағы сән мен жинақтағы сән туралы энциклопедияда қандай да бір пікір білдірмеген. 1995 жылғы жинақтың түсінігінде бұл өзгешеліктің сыры ашылмағаны мойындалып, «әлі де текстологиялық зерттеуді қажет ететіні» (251-бет) көрсетілген. Сондай-ақ, сегізінші жолдағы «Өміріңе кән бе екен?» деген тіркестегі «кән» сөзіне түсінік берілмепті. (32-бетті қараңыз. – З.Т.) Оның есесіне осы академиялық жинақтың 1-томының 78-бетінде басылған «Құдай берген бұл достық – кәннің бірі» деген жолдағы кән сөзіне «Кән (арабша) – кен, кеніш (рудник). Ауыспалы мағынада: мейірімділік бастауы, қайырымдылық, ізгілік; негізгі мағынасында Құдайдың эпитеті» деген түсінік берілген. Зерттеуші Р.Нұрғалиев «Кән (шағ.) – пеш, жылылық, татулық, ақын қуат деген мағынада қолданған. «Құдай берген бұл достық – кәннің бірі, Мұңдасқанда қалмайды көңіл кірі» [89].

«Абай тілінің сөздігінде»: «Кән. Ыстықтық, татулық, жылылық» мағынасында түсіндірілген. Бұл мағыналарында өлеңдердегі: «Өміріңе кән бе екен?» немесе «Құдай берген бұл достық – кәннің бірі» деген сөйлемдердің ұғымға ауыр екені көрініп тұр.

Осы түсінікті кән атаулы сөздерінің әрқайсысына қолданып көрсек, жоғарыдағы «Өміріңе кән бе екен?» деген тіркестегі кәннің мағынасы бұлыңғыр. Демек, әрі қарай ізденіп көрдік. Сөйтсек, «кән» деген араб сөзінің орысша мағынасы «принадлежность кому, чему», яғни, қазақшасы тән [80.410] ұғымына жақын екен.

Сонда, Абайдың айтпағы:

«Бос жүріп құр қалған,
Өміріңе тән бе екен»,

яғни, лайық па екен, болып шығады-ау деген пікірімізді ортаға саламыз.

Ал енді, осының алдындағы екі жол 1995 жылғы жинақта:

«Өңкей надан антұрған,
Қанша айтса, жан ба екен?» түрінде берілуі де көңілге қона қоймайтын сияқты. Жоғарыда дәлелдегеніміздей, «Өміріңе кән бе екен», немесе тән бе, лайық па екен дегенге тоқтайтын болсақ, бұл екі жол былайша берілгені жөн көрінеді:

«Өңкей надан антұрған,
Қанша айтса, жөн бе екен?» деп, Абай «өміріңе тән нәрсені қабылдамау жөн емес», деген ойды айтып тұрған жоқ па? Демек, «Қанша айтса, жан ба екен?» деген тіркес те түсініксіз. Біздің ойымызша, көшірушінің жаңсақтығынан «жөн» деген сөз «жан» болып хатқа түскен. Сонымен, біздің ұсынатын нұсқамыз:

«Өңкей надан, антұрған,
Қанша айтса, жөн бе екен?
Бос жүріп, құр қалған
Өміріне кән бе екен?»

Көріп отырғанымыздай, Абай өлеңінің кейбір сөздері (жөн, өміріне), тыныс белгілері түзетілді.

«Абай» энциклопедиясында «Абай термесі» деген тақырыппен басылған мақалада [79.256] «Жинақ ақын өлеңдерінің текстологиясына көңіл бөліп, қарасөзін жариялауымен тарихи құнды басылым болды» деп лайықты баға берілгені құптарлық. Алайда, бұл жеткіліксіз деп санаймыз. Бұл басылым Абайтанудың алғашқы маңызды баспалдақтарының бірі болып табылады, десек, Самат Әбішұлының Абайтануға қосқан үлесінің ғылыми маңызы арта түспек.

Ал, оны құрастырып, бастырушы зиялы азамат, әрі ақын Самат Әбішұлы есімін абайтанушылар қатарында ауыз толтырып атауға тұратын тұлға. Демек, «Абай» энциклопедиясында сол Самат Әбішұлының өзі туралы мағлұмат берілуі керек еді.

Самат Әбішұлы Нұржанов, зерттеуші профессор Ермек Өтебайұлының хабарлауына қарағанда, 1902 жылы Баянауыл аймағында дүниеге келген. Самат «Он үш-он төрт жасында өзі де өлең жаза бастаған. Әуелі ауылда мұсылманша оқыған ол, қалада орысша оқып жүргенде де әдебиетке құмарлығын ұштай берген, естіген-білгендерін жинай жүрген.

Сөйтіп, 1915 жылы он үш жастағы бала шәкірт қолына түскен Абай өлеңдерінің жинағын баспаға жібереді. Жинақ келесі жылы басылып шығады... Самат содан кейін белгілі ақын атанды... ...Оның қаламынан 1932 жылы «Колхоз жыры», 1933 жылы «Екпін» шығармалар жинағы шықты... Көп өлеңдері Семейдің «Қазақ тілі» газеті бетіне жарияланды. Бертін келе аудармамен де шұғылданды. А.Жаровтың «Меке» поэмасын қазақшалап, «Жаңа әдебиетте» жариялады. Ұлы Отан соғысы жылдарында да ақын үні асқақ естілуші еді», – дейді Ермек Өтебайұлы [77].

Ермек Өтебайұлы С.Нұржановты 1945 жылы Алматыда Қазақ радиосы үйі алдында екі-үш рет көргенін, демек, радиода қызмет етсе керек, дегенді жазған...

Самат 1945 жылы күзде қайтыс болған.

Ірі ғалым, дарынды ақын Жүсіпбек Шайхилисламұлы өз шығармашылығында Абайға табынып, өнеге тұтып отырады. Оның ел ішінен жинап бастырған немесе өзі жазған қисса-дастандарда, олардың редакциясында Абайдың әсері, реалистік әдебиет үлгілері, «түзелген сөз» сарыны айқын танылады.

Айталық, 1904 жылы жазып, басылмай қалған «Қисса-и Мәнсурул Халлаж» деген кітабының беташарына:

«Өлең – сөздің артығы, сөз сарасы.
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» [81],

деген Абай өсиетін өзі де шамасы келгенше ұстанатынын көрсеткен.

Мерзімді баспасөздің Абай мұрасына деген ықыласы әр қырынан көрінгендігінің біраз мысалдарын келтірдік. Солардың қатарында «Сарыарқа» газетінің бетінде Абай есімінің насихатталғанын басылымның алғашқы сандарынан-ақ байқаймыз. Осы газеттің шыға бастауына байланысты 1917 жылғы 19 шілдеде шыққан 2-санында Рахметолла Ілікбаев деген автордың құттықтау хаты басылған. Ол Абайдың «Атымды адам қойған соң...» деп басталатын көпке мәлім өлеңінен үзінді бергенде біраз бұрмалап жіберіпті де:

«Нәсілім адам болған соң,
Қайтіп надан болайын.
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын», деп жазған екен.

«Сарыарқаның» үшінші санында басылған басмақала «Абай сөзі» деп аталады. Мұнда ұлы ойшылдың «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» деп келетін алтыншы қарасөзінің мазмұны ашылып, қалың қазақты бірлікке, ұлттық ұйымшылдыққа шақырады.

Абайтанудың қайнар көздері болып табылатын ертеректе-ақ тасқа басылып, жария көріп, көпке тараған мұндай материалдар кейінгі ұлы ізденістердің іргетасы екеніне көз жеткізу қиын емес. Абайтану бұл күнде ордалы ғылымға айналды десек, соның негізгі идеялары, шамшырақ бағдарлары XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың алғашқы ширегінді-ақ қалыптасқанын көреміз.

Зарқын ТАЙШЫБАЙ,
абайтанушы, филология ғылымдарының кандидаты,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

● ЗАМАНДАС КЕЛБЕТІ

Біздің буынның зияткері

Біз де елу деген еңселі орданың белдеуіне ат байладық. Барыс жылы туғандығымыздан шығар, намыс туын биік ұстаған құрдастарым көп. Жыл ортасынан ауған шіліңгір шілдеде туған менің өзімнің елуіңізден асқаныма бір айдан асып барады. Менен бұрын туған «ағаларымның» да, кейін туған «інілерімнің» де осалы жоқ. Қарағандының рухани ортасында рух байрағын желбіретіп жүргендерін ғана айтамын. Елдің жүгін еңсеріп кетер нар болмасақ та, бар екенбіз...

Ерсін МҰСАБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Менің құрдастарым

Ақпанда туған дәстүрлі әннің дүлдүлі, ҚР Мәдениет саласының үздігі Ержан Базарбеков талантымен тамсандырып жүр. Мынау жарық әлемнің қақпасын наурызда ашқан танымал журналист Болатбек Қауысовты қайда қоясыз?! Бөкемнің шеберлігі сонда, оның жазбаларын ормандай оқырман сөйлемінен емес, әрпінен танитын болған. Айтыстың ақтаңкері Тілеген жырау (Әділов) да – менің «ағам». Он бес үлкендігі бар.

Соңымдағы інілерімнің де солқылдағы жоқ. Бізден бұрын Еуропа көрген Қуаныш Сейтжановтың мың сан қыры мен қызға ұсынылмаған бір тал гүлін («Гүл мен жыр» атты өлеңін айтып отырмын) соңыра соқталдайтын боламыз. Ал, әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, бүгінгінің шешені, айтқыштығы алты құрлыққа болмаса да, алты Алашқа мәлім Жансая Жарылғапов пен бір ғана «Әріп пен ұғым» атты өлеңімен қазақ поэзиясын дүр сілкіндірген дүлдүл інім Руслан Нұрбай туралы желтоқсанда айтармыз.

Бүгінгі сөз – айтулы ақын, ғаламат ғалым, азулы асаба, саңлақ саясаткер, кәнігі кәсіпкер Қуаныш Сейтжанов жайында.

Ол – біздің қатардың қырыққабаты. Кәдімгі капуста. Сыртқы қабатын сыпырып алсаң, ішкі қабаты одан да дәмді шығады. Сыпыра бер, сыпыра бер. Қуантайдың жаңа қыры, жаңа әлемі ашыла береді. Ашыла береді. Таусылмайды.

Сіз санай беріңіз, мен Қуаныш достың сан алуан қырын тізбектей берейін.

...Екеуміз 1990 жылы небары 16 жаста танысқанбыз. Жансая үшеуміздің достығымыз сол кездегі Жезқазған облысында жыл сайын ақпан айында өтетін дәстүрлі «Ұлытау үні» фестивалінде бастау алған. Айтыс аламанына атой салып кірген адуынды шоғырдың тай-құнан, тайлақ-ботасы біздер едік. Алыстағы Ақтоғайдан (ол кезде Қуаныш туған Кеншоқы ауылы Ақтоғай ауданына қарайтын) Қуаныш Сейтжанов, Айдос Аманбаев пен Айгүл Кептербаева келеді. Жақындағы Жаңаарқадан Жансая екеуміз барамыз. Сол 16 жастағы бозбала шағының өзінде сабырлы қалып, салиқалы сөзімен, байыпты мінез, байсалды болмысымен дараланып тұратын да осы Қуаныш болатын. Сахнада да, сахна сыртында да бауырына қорғасын құйған сақадай салмақты сөйлеп, сабырмен қозғалатын Қуаныш еді. Жыр әлеміне айтыс өнері арқылы келді демесеңіз, сахнада суырып салып айтқан әр шумағынан жазба поэзияның иісі аңқып тұратын еді. Мойындауымыз керек, біздің айтыстарымыз жеңіл әзіл, желікпе ойдың жетегінде кетіп жатқанда, Қуаныштың сөз саптасынан байсалды ой өріліп сала беретін. Жасыратын түгі жоқ, біз зиянды әдеттерге бой алдырып, темекіге әуес болып жүргенде, ол болашақта нағыз зиялы болатынын сұлу сөз, көркем мінезімен аңғартып жүрді.

Қара Дәулеттің бауыры

Ол бүгінгі Шет ауданының Кеншоқы ауылында туған. Кеншоқы – кен байлығымен ғана емес, ұлт руханиятына айтулы ғалым, Жансая мен осы Қуаныш бастаған бәріміздің ұстазымыз, ғылым докторы, профессор Мәуен Хамзин, Қарағанды топырағында қара өлеңнің өрнегін өріп, өрісін кеңейткен марқұм Қара Дәулет, бүгінгі дәстүрлі ән өнерінің жас жампозы Медет Осатаев секілді талантты ұлдарымен дараланған қастерлі мекен. Ал, Қуанышты елге танытқан айтыс өнеріндегі жүйріктігі екенін әлгінде айтып өттім.

Екеуміз сахнада бірнеше мәрте кездестік. Өмірде қарсыласып көрмесек те, сахнада сан рет шарпыстық. Қазылық жасап отырған ағаларымыз көбіне екеуміздің ұпайымызды теңестіре салады. Меселдері қайтпасын деген шығар, бәлкім. Алайда, мен Қуаныштың өзімнен айқын болмаса да, бірсыдырғы басым тұрғанын сезініп, ыңғайсызданушы едім...

Қуаныштың ақсүйек өнер айтыстан алыстаған жылдарын Түркияда оқыған (1992-1997 жж.) кезеңімен байланыстырар едім. Айтыс тұрмақ, елден жырақ жүрген

бозбаланың елге деген сағынышы, Еуропада еселенген эстетикалық талғамы, әлем әдебиетін жастанып жатып оқыған ізденісі оны жазба поэзияға алып келген-ді. Аз жазды. Жылқының сере қазысы жиектей көсілген сарыала табаққа құйылған тұздықтай тұщымды жырлары жалғанның жарығына жинақ болып шықпаса да, жырсүйер қауымның жүрегінде жатталып қалған. Ендеше, Қуантайдың көркемдігі көшелі, ойы ордалы өлеңдері мың жинаққа енді дей беріңіз.

Сонау 90-шы жылдары Қуаныш Сейтжановтың «Гүл мен жыр» өлеңі оқылмаған дулы кеш, думанды сәттер болған жоқ. Бүгінгінің тілімен айтсақ – «хит» болған бұл өлең жайлы айтыстың ақберені Дәулеткерей Кәпұлы: «Өзімізге бейтаныс ақынның «Гүл мен жыр» өлеңін ҚазМУ-дің жыр кештерінде жарыса оқитынбыз», – дейді. Бір-екі шумағын Сіз де оқып көріңіз:

Гүл деген не...
Гүл қадірін білмегенге.
Шалғында өскен шөп шығар,
Кешір, менің ойым осы топшылар.

Жыр деген не...
Жыр қадірін білмегенге.
Бықсып жанған шоқ шығар,
Бірақ шоқты үрлегенде
Мәңгі өшпейтін от шығар.

...Өз әлінше жігіт жасар сый қамын,
Сен де ендеше, таға берме сыйға мін.
Гүл ұсынған жігіттерді сыйлағын,
Жыр ұсынған жігіттерді сүй жаным.

Қуаныш жазса, осылай жазады! Өйткені, ол – қара өлеңнің қара дауылы Қара Дәулеттің бауыры!

Докторлыққа татыған кандидаттық

Біздің Қуаныш Түркиядағы оқуын бітіріп келген соң, академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қазақ әдебиеті кафедрасына аға оқытушы болып орналасты. Жалпы, оның қоғамға, руханиятқа, әдебиет, мәдениетке, поэзияға деген оқшау көзқарасы мен жаңашылдығы ғылыми ортаға да өзімен бірге келген.

Сергек Сейтжановтың ғылыми еңбегі Алтын Орда дәуіріндегі жазба әдеби мұраларды қаузаған. Өзі түгілі, жетекшілерін жүрексіндірген күрделі тақырыпты тап-тұйнақтай етіп талдап шықты. Академик Рымғал Нұрғалидың жетекшілігімен қорғалған кандидаттық диссертациясы Еуразия университеті диссертациялық кеңесінде ең үздік ғылыми жұмыстардың бірі ретінде бағаланып, жеке ғылыми монография ретінде басып шығаруға болатын еңбек деген шешім қабылданды. Сол күнгі кеңес отырысында белгілі ғалым Тұрсын Жұртбай: «Кеңес дәуірінде дәл мынадай жаңашылдығы айқын жұмыстарға бірден докторлық дәреже беруге лайық диссертация деп бағалайтын. Сол тәртіп сақталғанда, мен Қуанышты бүгінгі жұмысын докторлық диссертация деп бағалар едім», – деген екен.

Иә, Қуанышты ғылымда жүрген жылдары жемісті болды. Осы уақытқа дейін отандық және шетелдік басылым беттерінде отызға жуық ғылыми мақалалары жарияланып, бір монографиялық еңбегі жарық көрген. Ұлы Абай шығармашылығына қатысты «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген бір мақаласына байланысты ел газетінің сол кездегі бас редакторы, академик Дархан Қыдырәлі әлеуметтік желідегі парақшасында: «Абай – ұлы, Абай – ғұлама деп құр тамсана бермей, осындай дәйекті ғылыми мақалалар жазылуы тиіс» деген пікір қалдырды.

Қуаныш досым 2006-2008 жылдары Қарағанды университеті филология факультетінің деканы да болды.

Өзі өкінбейтін шығар, біз өкінеміз. «Қуаныш ғылымда жүре бергенде, ендігі академик болатын еді» деп...

«Инстаграмнан жеңілдім»

Ана бір жылдары Қуанышты бізбен де әріптес болғаны бар. Оның жеке шығармашылық жобасы ретінде жарық көрген «Той» журналы Қарағанды медиа кеңістігіндегі ерекше жаңалық болды. Тойсыз таңы атып, күні батпайтын қазақ үшін Қуанышты «Той» журналы шынайы түрде көмекші құрал, кемел кеңесшіге айналды.

Жарнамалық журнал демесеңіз, басылу сапасы мен ішкі мазмұны арқылы басылым алғашқы санынан бастап ел ізденіп жүріп оқитын журналға айналды. Той өткізу тәртібі, асабалардың әдебі, өнерпаздардың шығармашылық әлемі жайлы мазмұнды материал, сүбелі сұхбаттарда қамтылып, той өткізгелі отырған әулеттер бар ізденгенін бір журналдан тауып отыратын мүмкіндікке қол жеткізді.

«Тәңірдің қазынасы» саналған тойдың арқасында еліміздің талай өңірлеріне барып жүрміз ғой. Қарағандының тойы ерекше өтетінін сезінесің. Бізде тәртіп бар. Ерекшелік бар. Тойға дүрмек деп емес, құндылық деп қарайтын көзқарас бар. Сөзге төркін беріп, арзан әзіл, анайы қалжыңнан бойын аулақ салатын дағды бар. Осының бәрінің берік қалыптасуына «Той» журналының әсері болғанын неге айтпасқа?!

2016 жылы Қуаныш досым Астанаға қоныс аударды. «Той» журналымен Астананың нарығына шыққан. Баспа құралдарының дағдарып, ақпараттық технологияның дәуірі жүре бастаған кезеңге тап келді де, «Той» журналының жолы бола қоймады. Алайда, жалғыз Қуанышты «Той» журналы емес, тарихы бар, дәстүрі қалыптасқан біраз басылым сандық технология сандығының түбіне түсіп кеткенін көзіміз көрді. Өзінен «Журнал қалай? Кәсібің жүріп жатыр ма?», – деп сұрасаң, «Инстаграмға жеңіліп қалдым», – деп қалжыңдайды.

...Қазір Қуаныш Қабыкенұлы саясатта бағын сынап жүр. Жан дүниесі ауыл деп тебіреніп, жүрегі ауыл деп бүлкілдейтін халықшыл азамат қазір «Ауыл» партиясының Орталық аппаратының басшысы қызметін атқарып жүр.

Қарағандыны сүйеді! Қарағандыға қарайлайды! Қарағандыдағы шаттықты шаңырақтың төрінен, қаралы үйдің босағасынан Қуанышты көресің... Қуаныш сияқты терең білім, бай тәжірибе игерген азамат Қазақстанның әр қала, әр облысына керек. Бірақ, Қуанышты өзі үшін Қарағандыға жер жетпейді.

Біздің буынның зияткері, жаңаша ойлап, тамаша іс тындырып жүрген Қуанышты мақтай бермей, онымен мақтанайықшы!..

● БӘРЕКЕЛДІ!

Жеті жастағы Алпамыс – жеңімпаз

Абай ауданында Абай оқулары өтті. Ұлы ақынның шығармаларын 7 жастан 35 жасқа дейінгі 60-тан астам әуесқойлар мәнерлеп оқып, өнерлерін ортаға салды. Қос жас санатындағы бас жүлделерге 7 жастағы Алпамыс Қобыланды мен 14 жастағы Зарина Айбекова ие болды.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Абайдың өлеңін мәнерлеп жатқа оқыған Алпамыс биыл бірінші сыныпқа барады. Алғыр бала мектепке дейін де түрлі байқауға қатысқан көрінеді. Абай оқуларына алып келген өлеңі де жас жеңімпаздың талғамын айқындағандай. Ол байқауға ақынның «Ғылым таппай мақтанба» шығармасымен келген.

– Бұл байқау туралы алғаш естігенімде ұлдарыма қатысуды ұсындым. Үлкенім – Бақдәулет, өкінішке қарай, жүлделі орынға ие болған жоқ. Ал, Алпамыстың бағы жанып, биіктен көрінді. Ол өлеңдерді жылдам есте сақтайды және олардың мән-мағынасын түсінеді. Ортаға шыққанда да өзін еркін, әрі сенімді ұстайды. Талап бойынша сегіз түрлі төрт шумақ айтып беру керек болса да, бүкіл шығарманы толығымен жаттап алды, – деп атап өтті жеңімпаздың анасы Нұргүл Бапанова.

Ал, 14 жастан 35 жасқа дейінгі жас санатында өнер көрсетіп, бас жүлдеге иелік еткен Зарина Айбекова ақынның тым күрделі шығармасын таңдапты. Ол «Ескендір» поэмасын жатқа оқыды. Қыз бала болса да, оның оқу мәнері мен сахнадағы актерлік шеберлігі таңдай қақтырарлық еді. Оған себеп – оның актерлік өнермен айналысатыны әрі мәдениет үйінде түрлі қойылымдарға қатысатындығы. Осында жүріп, ол өнердің алғышарттарымен танысып, біршама қазақ зиялыларының шығармасын жаттаған. Зарина – облыстық мәнерлеп оқу байқауларының бірнеше дүркін жеңімпазы. Қос жеңімпазға дипломдар мен ақшалай сыйлықтар табысталды.

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о продаже доли в УК 3,762% участников КТ.

Участники Кредитного товарищества пользуются преимущественным перед третьими лицами правом покупки доли или её части при её продаже кем-либо из участников. Обращаться по адресу: **г. Караганда, ул. Сатыбалдина, д. 29/2, офис №1, тел. 8 7212 397412, 87003363739.**

№190

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

д

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі еңбек ардагері, мемлекет және қоғам қайраткері, Қарағанды облысының Құрметті азаматы

Рымбек Жүнісұлы ЖҮНІСОВТІҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

43-21-55
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

● «АДАЛ АЗАМАТ – АДАЛ ЕҢБЕК»

Ауылынан театр ашқан талант

Ауылдан жастар көшіп жатыр дейміз. Иә, ол рас. Бірақ жүрегіне туған мекеннің мейірімін аялап алғандар аялдап қалып жатыр. Алдиярхан Кәрім ауылының жұмсақ топырағын жұмақ көреді. Қарашаңырағының қадірін біледі. Сол себепті де үлкен арманын ауылында жүріп-ақ орындап отыр. Оқуын ойдағыдай тәмамдап, Аппазға келеді де, өнер мектебін ашады. Онда балаларды, жастарды актерлікке үйретеді.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдиярханның бала кездегі арманы – каскадер болу. Сол өнерімен шытырман киноларға түсіп, көрермендердің көзайымына айналғысы келді. Кішкентайынан соған бейім болды да. Спортпен шұғылданды. Әлі де соны серік етеді.

Мектеп оқып жүргенінде оқуында озат болды. Шығармашылық кештерге белсене қатысты. Мектебінің мақтанышына айналды. Актер боламын деген арманынан ата-анасы алыстатпайды, жол ашады. Сөйтіп, Қарағанды қаласындағы Тәттімбет атындағы өнер колледжіне оқуға түсіп, 2020 жылы драма театрының әртісі мамандығы бойынша білім алып шығады.

Жоғары оқу орнына түсіп, білімін жетілдіргісі келеді. Қалада қалып, бала арманын орындағысы да келеді. Бірақ, Алдиярхан екеуінен де бас тартады. Өйткені, қарашаңырақта қалған ата-анасына қамқорлық керек екенін түсінеді. Онымен қоса жанына қаладан гөрі дала жақын екенін сезінеді. Әбден барлығын ой елегінен өткізген ол «Бар алған білімін сандыққа сақтамайын, ауыл балаларының бойына дарытайын, өнерге деген махаббатын оятайын» деп шешеді.

Осылайша мамандығы бойынша Қарқаралы ауданындағы балалар өнер мектебінің Аппаз ауылындағы филиалында театр өнер сыныбына жетекші болып, жұмысына кіріседі.

Ауыл балаларын жинап, таланттарын ашады. Алғашқыда сыныбына 15 бала келіпті. Ауылдан театр ашылғаны үлкен жаңалық болып, баласын жетектеп алып келгендер көбейеді. Сөйтіп, аз уақыт ішінде балаларды сахнаға шығарады.

Алдиярхан «Jas fund» жобасы арқылы екі мәрте 300 мың теңгеден қаржы алады. Оған театрға қажетті жабдықтар сатып алады.

Алғаш КСРО халық әртісі Қалибек Қуанышбаевтың 130 жылдығына арналған аудандық «Шолпан» театрлық қойылым сайысында Аппаз балалар театры бас жүлдені иеленеді. Онда «Жусан иісі» қойылымын сәтті орындап шыққан. Келер жылы тағы да «Аңдар әлемі – бауырсақ» атты орыс халқының ертегісін жаңаша сипатта алып шыққаны үшін бас бәйгені олжалады.

Сол жолы «Үздік қыз бала» аталымын жеңіп алған шәкірті Сәнім Рымбай болса, болашағынан көп үміт күттіреді.

– Менің бала кездегі арманым – театр әртісі болу. Бірақ, мектеп бітірген соң ғана орындалады деп ойладым. Содан ауылға Алдиярхан мұғалім келіп, театр ашты дегенді естіп қатты қуандым. Арманым орындала бастағаны таң қалдырды. Алдиярхан мұғалім барлығын керемет түсіндіреді. Рөлге қалай кіріп, сомдау керектігін үйретеді. «Аңдар әлемі – бауырсақ» ертегісінде түлкінің рөлін сомдадым. Барынша айлакер, қу болу керек. Ептеп қиын болды. Бірақ жетекшіміздің еңбегінің арқасында жеңіл ойнап шықтым. Сол рөлім үшін аталым жеңімпазы атандым. Мен үшін үлкен жетістік болды. Ата-анам да, ауылдағылар да, бәрі-бәрі жетекшімізге риза. Қаншама баланың арманына қанат бітті. Біз жанашыр жетекшімізді мақтан тұтамыз, – дейді жас әртіс Сәнім Рымбай.

Бұл театр жетекшісінің ауыл арасындағы ғана жетістігі екен демеңіз. Былтыр жас театр мемлекеттік қосымша білім беру саласындағы балалар шығармашылығына арналған республикалық «Burabay fest» жаздық ойын-сауық жобасынан бас жүлде алып келіп, ауылды мәре-сәре қылды.

Мұнымен қоса, Аппаз ауылының жас актерлері елордадағы М.Өтемісов атындағы Оқушылар сарайында өткен «Alash Star» халықаралық байқауында Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» драмасы мен «Арман әлемі» ертегісін заманауи үлгіде ұсынып, Гран-при мен I орын иеленіп қайтты. Түркияда өтетін фестивальге жолдама алды.

Жас театр үш-ақ жылдың ішінде осындай жетістіктерге қол жеткізіп жатыр. Әрине, ол – жұмысына үлкен махаббатпен кіріскен Алдиярханның арқасы.

Жас жетекшінің жетістіктері елеусіз емес. Еңбегін ескерген ауыл әкімі театр ашқан жылы «Аппаз жыл үздігі» сыйлығын табыстапты.

– Алдиярхан ауылға келгенде қатты қуанғандардың бірі – өзім. Бала кезінен елгезек екенін білеміз. Театр ашамын дегенде, тіпті, қуандым. Қазір шәкірттері байқауға барса, жүлдесіз қайтпайды. Ауылдың атын шығарып жүрген талантты жастары бар, біз бақыттымыз, – дейді ауыл әкімі Жоламан Тілемісов.

Қарқаралы ауданының әкімдігі «Үздік жас мәдениет қызметкері» деген сыйлықпен де марапаттапты. Жалғыз Аппаздың ғана емес, Қарқаралының өнерін ұлықтап жүрген ұлға әбден лайық құрмет.

Алдиярхан да ауылының ымыра-бірлігіне риза. Ауыл тұрғындары «Боламын деген баланың бетін қақпай белін буды». Құшақ жая қарсы алып, қолдау көрсетті. Әр шаруасына демеушілік білдіреді.

«Кіндік қан тамған жерге маңдай тер де таму керек. Біздің шағын театрымыздан ертең үлкен саңлақтар шығады. Солардың биікке жеткені – менің де арманым орындалғаны», – дейді театрдың жанашыр жетекшісі.

Қарқаралы ауданы

● ДЕНСАУЛЫҚ

Папилломаға қарсы вакциналау басталады

Адам папиллома вирусы – тері мен шырышты қабаттардың эпителийіне әсер ететін өте кең таралған вирустар тобы. Оның 14 түрі онкогенді. Яғни, онкологиялық аурулардың дамуына әкеледі. Елімізде биыл күзден бастап ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес 11 жастағы қыздарға адам папиллома вирусына қарсы вакцинация жүргізу жоспарланып отыр. Айта кетейік, вирусқа қарсы профилактикалық екпе жатыр мойны обырының дамуын болдырмайды. Осыған орай, мамандар ата-аналарға қыздарына уақытылы вакцина салдыруға шақырды.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша 95%-дан астам жағдайда жатыр мойны обырын осы вирус тудырады. Жатыр мойны обырының 70%-ы аталған вирус штамдарының екі түрінен туындайды. Папиллома вирусы адамнан-адамға тұрмыстық байланыс және жыныстық қатынас арқылы берілуі мүмкін. Адам папилломасы вирусы бар әйелдерде жатыр мойны обырының даму ықтималдығы ол жоқ әйелдерге қарағанда 6 есе жоғары. Әлемде жыл сайын 600 мың әйелде жатыр мойны обыры анықталады және одан 340 мың әйел қайтыс болады. Ал, Қазақстанда жатыр мойны обырының 1 600-ге жуық жаңа жағдайы тіркеледі. Бұл аурудан 500-ден астам әйел қайтыс болады. Елде жатыр мойны обыры сүт безі обырынан кейінгі әйелдерде онкологиялық аурулардың таралуы бойынша екінші орында тұр. Қазақстанда биылғы жылдың III тоқсанынан бастап, қыздарды вакцинациялау жоспарлануда. Адам папилломасы вирусына қарсы вакцина Ұлттық егу күнтізбесіне енгізіледі. Вакцинация 11 жастағы қыздарға балаларды вакцинациялауға ата-анасының келісімін алғаннан кейін жүргізіледі. Бұл жас Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, онколог мамандардың ұсыныстарына сәйкес таңдалды. Себебі, 11-14 жас аралығындағы иммундау ересек жасқа қарағанда тиімді, бұл аралықта тұрақты иммунитет қалыптасады. Әлемде бұл вакцинаға сұраныс өте жоғары. Бүгінгі таңда 125-тен астам ел ұлттық вакцинация күнтізбесіне осы вакцинацияны енгізді, – дейді қаламыздағы әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімінің жетекшісі Виталий Омаров.

Айта кетейік, бұл ауруға шалдыққандардың саны әлем бойынша жыл сайын 6 миллионды құрайды. Ал, соңғы рет 2019 жылы жүргізілген статистикаға сүйенсек, балқаштық әйелдердің 10-нан 40%-ға дейін шалдыққан. Вакцина егу аралығы 6 ай болатын 2 кезеңнен тұрады. Тегін екпе ата-аналардың немесе заңды қамқоршылардың келісімімен дәрігердің қарауынан кейін қарсы көрсетілім болмаған жағдайда жүргізіледі. Алғашқы кезеңі қыркүйек айында басталады. Вакциналау шарасына 11 жастан бастап 15 жасқа дейінгі қыз балалар шақырылады.

БАЛҚАШ

● СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Ғалымбек КЕНЖЕБАЕВ:

Бокста есе қайтаратын күн алда...

«Қарағанды боксы» десек, тілімізге Серік Нұрқазов, Аркадий Топаев, Серік Елеуов, Василий Жиров, Геннадий Головкин, Серік Сәпиев, Абылайхан Жүсіповтер оралады. Қазір облыстың боксында тыныштық байқалады. Париж Олимпиадасына кеншілер өлкесінен ешкім бармады. Дүркіреп тұрған Қарағандының бокс мектебі қайда? Саңлақтардың ізбасарлары қайда жүр? Төрт жылдың басты бәсекесіндегі отандастарымыз көрсеткен нәтижесі көңіл көншітпеген соң, осы сұрақтарға жауап іздедік. Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының кеңесші-консультанты, атақты Геннадий Головкиннің алғашқы бапкерлерінің бірі Ғалымбек Кенжебаевты әңгімеге тарттық.

– Ғалымбек Қалиұлы, әңгімеге төтесінен бір-ақ түсейік. Қарағанды боксының құлдырауына не себеп?

– Иә, Қарағанды боксы құлдырап, нәтиженің төмендеп кеткені өтірік емес. Бұған дейін 1996 жылдан бері жазғы Олимпиаданың бәріне қарағандылықтар қатысқан. Нәтижесі де жақсы еді. Алайда, Парижге бара алмады. Өкінішке қарай, Тәуелсіздік алғалы бергі ең төмен көрсеткіш болып отыр. Оның бірнеше себебі бар. Кеңестік кезеңде Қарағанды, Алматы, Жамбыл, Қостанай облыстары көш бастаған. Ішінде Қарағанды бокс мектебінің жөні бөлек еді. Ал, қазір барлық облыстар өз мықтыларын халықаралық додаларға қосу үшін, мығым дайындалып жатыр. Әсіресе, оңтүстік аймақтар соңғы кезде қарқынды даму үстінде. Кез келген салада, оның ішінде, спортта да шарықтайтын және құлдырайтын кезі болады. Мәселен, кеншілер де үнемі межеленген жоспарды орындай бермейді. Зауыттар да солай. Неге? Өйткені, өнім шығаратын станоктар ескіруі мүмкін немесе өнімнің өзінің сапасы нашарлауы ықтимал...

Тағы бір айта кетерлігі, соңғы кездері спорттың түрлері көбейді. Бұрын бокс, күрес, жеңіл атлетика, футбол сынды санаулы спорт болса, қазір жыл сайын жаңа спорт түрлері пайда болуда. Бірақ, боксқа деген сұраныс төмендеді дей алмаймыз.

– Абылайхан Жүсіпов әуесқой боксқа оралды. Бұған не дейсіз?

– Өз басым жастар боксында 10 жылдан астам уақыт облыстың және республиканың бас бапкері болдым. Сәл кейіндеу жастар арасындағы мықты боксшылар азайыңқырап қалды. Мәселен, Абылайхан Жүсіпов ересектерге ауысып, екі рет Олимпиада ойынына қатысты. Әлем чемпионатында, Азия біріншіліктерінде жүлдегер болды. Енді, қайта оралып жатыр. Қуаныштымын. Кәсіпқойдан біраз тәжірибе жинап келді. 71 келі бойынша одан үмітіміз – мол.

– Қарағандылықтардың Парижге бармауының басқа себебі жоқ па?..

– Тағы бір айта кетерлігі, Олимпиадалық салмақ дәрежесінде қысқарту орын алды. Бұрын 12 салмақ болса, биыл Парижде жетіақ салмақ. Мысалы, Талғат Сырымбетов деген боксшымыз бар. Салмағы – 60 келі. Бұл салмақ Олимпиадада жоқ. 63-ке талпынды, салмағы мен бойы жетпей өте алмады. Ал, Талғат Елорда кубогінде финалда 60 келідегі басты фаворит Серік Теміржановты жеңіп, алтын медальды еншіледі. Осы турнирде Кәрім Серкебаев деген талантты боксшымыз 54 келіде топ жарды. Қазір екеуі өз салмағында көш бастап тұр. Бірақ, салмағы Олимпиада санатына кірмейді.

– Басқа қандай бокшыларымыз бар?

– Ауыр салмақта Нұрмағамбет Юсупов бар. Ол Атырауда бірінші орынды алса, Түркістанда Азия чемпионын тізе бүктірді. Жастар арасында Ислам Советов деген Азия чемпионы бар. Ол да қазір ересектерге ауысып, Түркістанда бірінші орын алды. Қараша айында Сербияда Әлем чемпионаты өтеді. Оған үш боксшымыз дайын. Олар: 60 келіде Алексей Хаванцев, 86 келіде Иманғали Нұрпейіс, 92 келіде Расул Асанханов. Бұдан бөлек, 80 келіде Дамир Синеев деген мықтымыз бар. Ол қазір Ресейде оқу-жаттығу жиынында. Ресейде өтетін жарыста жақсы нәтиже көрсетсе, Сербияға баруы мүмкін. 54 келіде Нұрислам Бекеннің жөні бөлек. Жастар арасында осылардан үмітіміз мол. Келесі Олимпиадаға осылардың арасынан кем дегенде 2-3 салмақ дәрежесінде өнер көрсетіміз деген сенім бар. Одан да көп болуы мүмкін...

– Неліктен Арқадан бокстың жарық жұлдыздары шықпай жатыр?

– Бізде чемпиондар көп. Бәрі танымал емес. Қазір нәтиже сәл төмендеп тұрса да, алдағы уақытта Гена сияқты мегажұлдыздар шығатынына бек сенімдімін. Мұны көпжылдық тәжірибеме сүйеніп айтып отырмын. «Алтын шыққан жерді белден қаз» дейді атам қазақ. Сондықтан, жұмысты тоқтатпаймыз. Әр бала талантты, мәселе оны аша білуде. Насихат жағы көбейсе, көп көмек болар еді. Қарағанды бокс мектебі болған, болды және болады. Бұған күмәнім жоқ!

– Ал, қазіргі бапкерлер құрамына көңіліңіз тола ма? Кімдерді атап өтер едіңіз?

– Мен 2009-2012 жылдары облыста бас бапкер болдым. Осы кезеңде Серік Сәпиев облыстың атын әлемге танытты. Қазақстан федерация кубогін 2011 жылы Қарағанды облысы жалғыз рет жеңіп алған. Қарағандыда С.Сәпиевті дайындаған Александр Стрельников, 80 жастағы Эдуард Матросов, А.Топаевты дайындаған Қанат Жақсыбаев, Сайын Аратаев сынды ардагер бапкерлер бар. Серік Сәпиев, Серік Елеуовтер осы Сайын ағаның қамқорлығын көріп, тәрбиесін алған.

Еңбегі сіңген марқұм Андрей Райш, Леонид Тілеубаев, Ярослав Титисев, Владимир Маслинді атап айту керек. Дархан Дүйсенбековтің шәкірттері де қазір үздіктер қатарында. Аркадий Топаев, Бейбіт Есжановтар бар. Александр Насибулиннің және Абылайханның бапкері Бауыржан Аманбаевтың жөні бір бөлек. Аудан, қалаларда еңбек етіп жатқан Алексей Сафронов, Рамазан Мизинбаев, Сәбит Кульбарин сынды мықты бапкерлер бар. Негізі, әр әлем чемпионатынан соң бапкерлердің де жұмысы көрінеді.

– Назым Қызайбай Парижде қола алды. Қарағандыда қыздар боксы қалай дамуда?

– Қарағандыда қыздар боксы да жақсы дамыған. Қыздар арасында Азия чемпиондары баршылық. 22 жасқа дейінгілер арасында екі дүркін Азия чемпионы Жасмин Қизатова, Әлем чемпионатының қола жүлдегері Милана Сафронова бар. Кезінде мықты боксшы болған Елдос Сайдалин қыздар боксын дамытуға сүбелі үлес қосуда. Ол Париж Олимпиадасына Ұлттық құраманың бас бапкері болып барды. Назым Қызайбай қола медаль еншіледі. Алдағы Олимпиадаға қарағандылық қыздарымыз да баруы тиіс.

– Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы мен бокс федерациясының жұмысы туралы не айтасыз?

– Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасының бізге жасап жатқан қамқорлығын атап айтпасқа болмайды. Басқарма басшысы Темірхан Абылаев бәрін қадағалап, ұйымдастырып отыр. Мен көп жыл істеген тәжірибемнен білемін. Бұрын мұндай мүмкіндік болмаған. Қазір бәрі бар, тек нәтиже көрсетсең болғаны. Қазір бапкерлер Азия, әлем чемпионаттарына бірге барады. Облыста жаңа бокс федерациясы ашылды. Федерацияны басқарып отырған Самат Адхам да жемісті жұмыс істеуде. Жас мамандардың талабы күшті. Алдағы күндерден үміт – мол.

– Уақыт тауып, тұщымды әңгіме өрбіткеніңізге көп-көп рахмет!

Сұхбаттасқан
Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

● БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Денең шымыр, рухың биік болсын десең...

«Дұрыс жолға қойылған дене шынықтыру ойындары оқу-білім алуға бөгет емес, қайта бойды сергітіп, ойыңа жәрдем ететін нәрсе» депті Ғабит Мүсірепов. Қазір аулаларда қажетті спорттық жабдықтар орнатылып, жасыл жабыны бар шағын футбол алаңдары салынып жатыр. Тіпті, балалар жарық шамдар аясында жаздың күндері түннің бір уағына дейін аулада асыр салып жүреді. Соңғы жылдары спортқа жіті назар аударылып жатқанына осы дәлел болады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен, облыстағы тұтас спорттық жүйенің құрылымына сәл назар аударайық.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы ұсынған дерекке сүйенсек, аймақтағы 1196 дене шынықтыру және спорт ұйымы 442 мыңнан астам адамды спортпен қамтып отыр.

Балаларға келсек, бүгінде облыста 28 446 бала үшін (оның 7 202-сі ауыл балалары) 41 мемлекеттік спорт мекемесі жұмыс істеп тұр.

Ал, жалпы білім беретін мектептерде 75176 бала баратын 4497 спорт секциясы, колледждерде 10852 адамға арналған 328 секция, жоғары оқу орындарында 12837 студентке лайықталған 102 секция, 3709 бала шынығатын 22 дене шынықтыру үйірмесі бар.

Сонымен қатар, аймағымызда 10209 балалар мен жасөспірімге 87 балалар мен жасөспірімдер клубы жұмыс істесе, оның ішінде, ауылдық жерлердегі 16 клубта 972 адам спортпен айналысады.

Облыс бойынша 1000 адамға шаққандағы тұрғындарды спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету 65,4%-ды құраса, 2024 жылға жоспар – 66,6% екен.

Спортпен жүйелі түрде айналысатын ерекше қажеттіліктері бар тұрғындардың үлесі, саламатты өмір салтын ұстануға болатын мүмкіндігі шектеулі жандар арасында 14,9 % болса, биылға жоспар – 17%.

Ресми деректерден байқасақ, облыста спортпен айналысуға қажетті мүмкіндік жасалған. Енді, осы көрсеткішті көтеру ғана қалып тұр.

Бұл бағытта бөлініп жатқан қаржы да аз емес. 2024 жылы дене шынықтыру және спорт саласына 21 млрд 077 млн 157 мың теңге қаржы бөлінген. Бұл былтырғымен салыстырғанда шамамен 2-3 млрд теңгеге артық.

Бұдан бөлек, «Арт спорт» мемлекеттік спорттық тапсырысын жүзеге асыру аясында биыл 23 спорт түрінен 206 секцияға 9947 бала мен жасөспірім тартылса, оның ішінде, ауылдық жерлерде 1353 бала қамтылыпты. Бұл бағытқа облыстық бюджет есебінен 2 млрд 262 мың теңге қарастырылғанын атап өткен жөн.

Ал, бұқаралық спортты дамытуға биыл 3 миллиардтан астам қаржы қарастырылыпты.

Қазіргі таңда жұртшылықты жүйелі дене шынықтыру, мәдени және спорттық іс-шараларға баулып, насихаттау үшін облыста 416 спорт нұсқаушысы жұмыс істейді. Оның ішінде, 200 нұсқаушы ауылдық жерде.

Жалпы, дене шынықтыру және спортпен облыс тұрғындарын қамту бүгінде 38 пайызды немесе 442 мың адамды құрап отыр.

– Біз осыған дейін жаздың күндері де ақылы спорт залдарын жалдап, футзалдан турнирлер ұйымдастыратынбыз. Өйткені, бұған дейін жасыл жабынды алаңдар көп болған жоқ. Қазір аулалар арасында шағын турнирлерді жиі өткіземіз. Жазда өте ыңғайлы. Қаржымызды үнемдеп, оған спорттық киімдер аламыз. Қыста бір-екі ай демаламыз да, жер аяғы кеңігенде қайта бірігеміз. Бұл балалардың бос уақытын тиімді өткізуге, жаман әдеттерден аулақ болуға көмектеседі. Соңғы кездері, біз өткізетін шағын турнирлерге ересектер де қызығушылық танытып жүр. Олармен де өткізу ойымыз бар. Ол үшін бар мүмкіндік жасалған. Дене қыздырып, ширату үшін де қазір әр аулада жабдықтар тұр. Бұл үкіметіміздің жас ұрпақтың болашағына алаңдап, жасап жатқан игілігі. Ұрпаққа салған инвестиция ертең еселеп қайтатыны сөзсіз, – дейді «Достық» шағын футбол лигасының жетекшісі Аман Хамит.

Бұқаралық спорт нысандарының қолжетімділік аясын кеңейту мақсатында облыста спорт инфрақұрылымы табысты дамып келеді.

Нақтырақ айтсақ, облыс аумағындағы 1247 спорт нысанының 299-ы ауылдық жерлерде жұмыс істеп тұр.

Бұдан бөлек, дерекке сүйенсек, тағы 8 спорт нысанының құрылысы жүргізіліп жатса, оның ішінде төртеуі «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша салынып жатыр.

Абай ауданы, Топар кентінде, Ақтоғай ауданы Сарышаған ауылында, Бұқар жырау ауданы, Ғ.Мұстафин кентінде, Қарқаралы ауданы, Қарағайлы ауылында дене шынықтыру және сауықтыру кешендерін пайдалануға беру жоспарланған. Олардың әрқайсының сыйымдылығы әр түрлі екенін атап өту керек.

● АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

Алтынға пара-пар күміс

Жерлесіміз, қарағандылық Дмитрий Жижин IMMAF нұсқасы бойынша жасөспірімдер арасында өткен жекпе-жектің аралас түрлері бойынша әлем чемпионатының (ММА) күміс жүлдесін жеңіп алып, Арқа жұртының мерейін тасытты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тартысқа толы халықаралық біріншілік Біріккен Араб Әмірліктерінің бас қаласы Абу-Дабиде өтті. Оған 52 елдің үздік деген 848 спортшысы қатысып, бақ сынасты. Ал, Қазақстан құрамасы сапында 26 спортшы өнер көрсетті.

Отандастарымыздың қоржынына сегіз медаль түсті. Екі алтын, екі күміс һәм төрт қола.

Күміс медальдің бірін 70 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде ел намысын қорғаған қарағандылық Дмитрий Жижин иеленді. Ақтық сынға дейінгі бес кездесуде сөзсіз айқын басымдықпен жеңіске жетті. Финалда қарағандылық спортшы украиналық жауынгермен күш сынасты.

– Қарсыластардың табандылық танытып, жекпе-жекке барын салуы төрешілерді «екі спортшы тең нәтиже көрсетті» деген шешім қабылдауға мәжбүр етті. Алайда, төрешілердің бірі Дмитрийдің басына тыйым салынған соққыны қате есептеді. Осылайша, жеңіс украиналық спортшыға берілді. Дүниежүзілік федерация бұл қатені мойындап, Қазақстан ММА Федерациясына ресми хат жолдады. Әлем чемпионатының ережесіне сәйкес, нәтижені өзгерту мүмкін емес, бірақ біз үшін Дмитрий – нағыз чемпион! – деп атап өтті Қазақстан ММА федерациясының вице-президенті Владимир Абросимов.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

● СПАРТАКИАДА

Шаһардың дүбірлі додасы

Биыл дәстүрлі «Арай-2024» облыстық XVII жазғы спартакиадасы Балқаш қаласында жалауын желбіретті. Байрақты бәсекеде облыс аумағындағы қалалардың командалары өзара бақ сынасты. Спорт күніне орай ұйымдастырылған спартакиадада қатысушылар 12 спорт түрінен сайысқа түседі. 6 қаланың командасы қатысып жатқан додада 500-ден астам спортшы 100 медаль жиынтығын сарапқа салады.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Спорттық шараның ашылу салтанатында сөз алған Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Саягүл Жақсылыққызы, Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының бұқаралық және балалар спортын дамыту орталығы басшысының міндетін атқарушы Талғат Әбдішев өңір абыройын республика көлемінде асқақтатып жүрген спортшылар жөнінде кеңінен тоқталып, облыс пен қала көлемінде спортпен шұғылданатын жасөспірімдерге барлық жағдай жасалғанын айтты. Сонымен қатар, Балқаш қаласының Құрметті азаматы, Балқаш қаласы әкімінің кеңесшісі Дүйсенғали Байқуатов жарысқа қатысушыларға жеңіс тұғырынан көрінулеріне жүрекжарды тілегін арнап, батасын берді.

Балқаш қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ізбасар Шәкеновтің айтуынша, бұл доданың маңызы жоғары. Дүбірлі додада спартакиада байрағын Балқаш қаласына табыстағалы ұйымдастырушылар абыройлы өтуіне күш салып келеді.

– Балқаш қаласы бұл бәсекені өткізуге әркезде толықтай әзір. Жарыс барысында Қарағанды, Теміртау, Шахтинск, Саран, Приозерск, Балқаш қалаларынан құралған командалар сыннан өтеді. Жалпы 500-ге жуық спортшы қамтылып отыр. Олар армрестлинг, пауэрлифтинг, қазақ күресі, волейбол (ерлер және әйелдер), үстел теннисі, жеңіл атлетика, шағын-футбол, жазғы президенттік көпсайыс, тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы және асық атудан команда болып күш сынасады. Осы жылы әйелдер қауымы да, асық ату, бестас ойынына қатысуда. Жарыс кестеге сай Балқаштағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде, «Металлург» стадионында, Балалар және жасөспірімдер спорт мектебінде, №9 жалпы білім беретін мектепте ұйымдастырылуда, – дейді Ізбасар Шәкенов.

БАЛҚАШ

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – **Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 185

№ 92 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жан АМАНТАЙ**